

Омбудсмен
Қарағандыға
келді



2

Ақбақай
Этнографтың
жазбасы




6

Қара өлең
қалықтаған
күн



8



О Р Т А Л Ы Қ Қ А З А Қ С Т А Н

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

№17 (23 193) 11 АҚПАН, СЕНБІ 2023 ЖЫЛ

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті Рымбала КЕНЖЕБАЛАҚЫЗЫ!

Сізді өміріңіздің елеулі белесін бағындырған мәртебелі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз еселі еңбектеріңіздің арқасында егемен еліміздің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға белсене араласқан, соның ішінде, Қарағанды облысының әлеуметтік саласын, білімі мен мәдениетін, руханиятын нығайтуға айрықша ықпал еткен танымал, қайраткер тұлғасыз.

Іскерлігіңізбен, еңбекке адалдығыңызбен, мақсатқа беріктігіңізбен өзіңіз ұзақ жылдар басшылық еткен мәдениет саласында өшпес қолтаңбанызды қалдырдыңыз.

Көптеген шәкірт тәрбиеледіңіз.

Сіздің әрбір қадамыңыз және ұлағатты өмір жолыңыз еліміздің азаматтарына, өскелең ұрпаққа өшпес үлгі-өнеге.

Сондықтан, кемел біліміңізбен, биік парасатыңызбен, қажымас қайратыңызбен жасыңызға жас қосылып, халқымыздың ортасында аман-есен жүріңіз.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін!

Құрметпен,
Ерлан ҚОШАНОВ,
«AMANAT» партиясының
Төрағасы

Құрметті Рымбала КЕНЖЕБАЛАҚЫЗЫ!

Мерейлі жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз ұзақ жылдар бойы мемлекеттік органдарда жауапты қызмет атқардыңыз, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қостыңыз.

Тәуелсіздік жылдары бар күш-жігеріңізді ел игілігіне арнадыңыз.

Елімізді өркендетуге қосқан қажырлы еңбегіңіз үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері», «Парасат» орденінің иегері, «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағына ие болдыңыз.

Бүгінде облыс әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның беделді мүшесі ретінде қоғамдық қызметке белсенді араласып, ортақ ісімізге біліміңізбен, тәжірибеңізбен қосқан үлесіңіз үшін Сізге шынайы алғысымды білдіремін.

Сіздің өмірлік ұстанымыңыз бен тәжірибеңіз кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге екені сөзсіз.

Бүгінгі мерейлі күні Өзіңізге ерекше ілтипатымды білдіре отырып, зор денсаулық, отбасыңызға амандық және бақ-береке тілеймін!

Құрметпен,
Аида БАЛАЕВА,
Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігі
Басшысының
орынбасары,
Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Әйелдер істері және
отбасылық-
демографиялық саясат
жөніндегі Ұлттық
комиссияның төрайымы

РЕСМИ

Мемлекет басшысы облыс әкімін қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау, Түркістан, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының әкімдерін қабылдады. Президентке облыстардың әкімдері өңірлердің былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндады.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Президентке тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен әлеуметтік салаларда атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйі, инвестиция тарту ісі, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқыны туралы мәлімет берді.

Ермағанбет Бөлекпаев 53 ірі жобаны жүзеге асыру қолға алынғанын, нәтижесінде 12 мың жұмыс орны ашылатынын айтты. Оның айтуынша, облыста шағын және орта бизнес субъектілерінің саны артып келеді. Жергілікті органдар құны 18 миллиард теңге болатын 5,5 мың жобаны қаржыландырып, 5,8 мың жұмыс орнын ашуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар былтыр өңірде 597,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ауыл шаруашылығы саласында өткен жылы 1,2 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Биыл игерілмей жатқан 580 мың гектар жерді қайтару жоспарланып отыр.



Мемлекет басшысына әлеуметтік саладағы жоспарлар жөнінде баяндалды. Атап айтқанда, ауылдық елді мекендерде 92 медицина нысаны салынады, ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау саласын жаңғырту аясында 2 ауданаралық аурухана құрылады. Сондай-ақ, Қарағанды медицина университеті жанынан 300 орындық клиника мен 200

орындық перинатальдық орталық салу қарастырылған. Облыста 2023-2025 жылдар аралығында 18 заманауи мектеп салынуға тиіс.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев облыстардың әкімдеріне былтыр өңірлерге жұмыс сапары барысында берген тапсырмалары уақытылы әрі сапалы орындалуға

тиіс екенін айтты. Сондай-ақ, өңірлердің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі қамтамасыз етуді және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Akorda.kz

МЕРЕЙТОЙ

Арқаның аяулысы

Облыс басшысы Рымбала Омарбековаға құрмет көрсетті

Сарыарқа топырағында мәдениет пен өнердің өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан екі адам болса, бірі – Рымбала Омарбекова, ал жалғыз болса, ол – Рымбала апай! Арқа жұртшылығына жанкешті еңбегімен ел игілігі жолында тер төгудің, патриотизмнің асқан үлгісін көрсетті. Бар саналы ғұмырын өнердің өркендеуіне арнаған Рымбала Кенжебалақызының 80 жылдық мерейтойын халқы дүбірлетіп атап өтті. Ел ішінің бейресми «Қарағандының мәдениет министрі» деп атауының өзінде осындай зор мән бар, білгенге. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекованы 80 жасқа толған мерейлі мерекесіне орай облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қабылдап, құттықтады. Қарағандының қаймағы бас қосқан жиынның соңы облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұловтың қатысуымен Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында өткен мерекелік кешке ұласты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралы ауданының, Қарағанды қаласының және Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбековаға қандай құрмет көрсетілсе де, жарасады. Өйткені, мұндай өз ісіне адал жандар некен-саяқ. Ол әлі күнге өңірдегі жалғыз мемлекеттік «Сарыжайлау» кинотеатрына басшылық етіп, қазақы фильмдердің насихатталуына, төл мәдениеттің кең қанат жаюына сүбелі үлес қосып жүр.

Рымбала Омарбекова мемлекеттік қызметке 40 жылдан астам уақыт өмірін арнаған аяулы жан. Оның ішінде, 19 жыл облыстық мәдениет басқармасына басшылық жасап, Арқа жұртының абыройын асқақтатты. Еңбегіне сай бұл салада қол жеткізген марапаты баршылық. Оның бәрі халықтың шынайы алғысы хәм ыстық ықыласымен берілген.

Рымбала Омарбекова өңірдің мәдени және әлеуметтік саласын дамытуға көп күш пен уақытын жұмсаған жан. Сіз біздің өлкеміз үшін, бүкіл республика үшін көп еңбек сіңірдіңіз. Сіздің арқаңызда сақталып қалған және одан әрі дамыған мәдениет нысандарын тізімдеу ұзақ уақытқа созылады. Олардың қатарында Долинқадағы саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы, Сәкен Сейфуллин атындағы театр және Қарағанды Кеншілер мәдениет сарайы бар.



Өріптестеріңіздің атынан, бүкіл облыс тұрғындарының атынан ерен еңбегіңіз үшін алғыс айтамын. Мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын, отбасыңызға зор денсаулық пен аман-дық тілеймін, – деді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Ел тәуелсіздігінің нығаюы жылдарында Рымбала Омарбекова ауылдардағы кітапханалар мен клубтарды сақтағанын айрықша атап айту керек. Оның басшылығымен Республикада алғаш рет ауылдық кітапхана қызметкер-

лерінің форумы, содан кейін ауыл мәдениет қызметкерлерінің форумы өткізілген. Рымбала Кенжебалақызы – Тәттімбет атындағы Қазақ халық аспаптар оркестрін құрудың, Теміртауда балалар мен жасөспірімдерге арналған театр апудың, жыл сайынғы облыстық фестивальдар өткізудің бастамашысы.

«Апайдың жұмысындағы ең басты жетістіктері – қазақстандықтарды ағартуға, олардың мәдениетін арттыруға және Отанға деген сүйіспеншілікті оятуға деген ұмтылысы» дейді әріптестері.

режелік кеш басында көрермен назарына «Руханияттың Ұлпаны» деректі фильмі ұсынылды. «SARYARQA» телеарнасы түсірген туындының авторы – Қазақстанның Құрметті журналисі Сағат Батырхан. Фильмде Рымбала Кенжебалақызының бала күнінен бастап, қазіргі шағына дейінгі жүріп өткен өнегелі өмір жолы қамтылған. Онда Токтар Әубәкіров, Асанәлі Әшімов, Роза Рымбаева, Рүстем Әбдірашев сынды өнер тұлғаларының ыстық лебізі бар.

Рымбала Кенжебалақызына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, AMANAT партиясының төрағасы Ерлан Қошановтың, Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловтың, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтау хаты табысталды.

Бұдан бөлек, дүбірлі кеште Сәкен театрының актерлері бастаған облыс аумағындағы өнер ұжымдары кеш көрігін қыздырды. Әуелете ән шырқалды, арнау өлеңдер оқылды. Қойылымдардан үзінді сахналап, күмбіртеу күй төкті. Мың бұрала би билеп, классикалық музыканың жауһарлары ұсынылды. Кітап және сурет көрмелері қойылып, кейіпкердің тұтас болмысын паш етті. Бұл дүбірлі кеш бүкіл Сарыарқаға сән-салтанат сыйлағандай. Арқа жұрты апайды алақанға салып, құрмет көрсетті.

Біздің жүрегімізде «Руханияттың Ұлпаны» фильміндегі Рымбала Омарбекованың мына сөздері жатталып қалды:

«Самырсын иісі аңқыған ну орманға келсем, қалың ойға шомамын. Бақытты балалық күндерім көз алдыма тұра қалады. Анау тұрған, бізге құтты мекен болған, Кімасардағы орманшының көк үйі. Өне-міне есік ашылып, әкем Кенжебала мен анам Айтбану шыға келетіндей көрінеді. Соңындағы сегіз қырдың астындағы сүрлеулі соқпаққа қарасам, кісі ақысын жеген жерім жоқ екен. Мектептегі мұғалімдік жолым қысқа болғанымен, өмір мен өнердегі ұстаздық жолым айтулы болғандай. Руханият үшін, ұлт мәдениеті үшін талай майданға түсуге тура келді. Тауба, нәтижесіз болған жоқ. Бүгінде мәдениет пен өнер өлкесінде атқарылған қанша шаруа ел игілігіне айналды. Қасиетті Қарқаралыма, қазыналы Қарағандыма, қара орман халқыма мың алғыс айтамын».

(Мерейтой иесі туралы материалдарды 4-5-беттерден оқи аласыздар)

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК



Омбудсмен Қарағандыға келді

Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев Қарағанды облысына жұмыс сапары аясында облыс әкімі басшылығымен, прокуратура органдарының, полиция департаментінің және облыстың қылмыстық-атқару жүйесінің басшыларымен кездесті.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысқан кездесуде омбудсмен адам құқықтары жөніндегі институттың маңыздылығын айта келе, жергілікті деңгейде адам құқықтары қалпына келтіруде бірлескен және жемісті қызмет атқарылатынына сенім білдірді.

Одан бөлек, Артур Ермағанбет өңір активіне Қарағанды облысындағы өкілді танастырды. Бұл міндетті прокуратурада жұмыс тәжірибесі бар Азамат Тілешев атқарады. Ол құқық қорғау органында бас маманнан басыға дейінгі еңбек жолынан өткен. Қарағанды, Қаражал қалаларының, Октябрь ауданының прокуроры, Шығыс Қазақстан облысы прокурорының орынбасары болып жұмыс істеген. 2022 жылдың қазанынан Қарағанды облысы бойынша адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі.

– Өтініштерді өз бетінше қарау жөніндегі өкілеттік омбудсменнің Қарағанды өкілдігіне берілген сәтінен бір айдың ішінде 13 арыз түскен. Олардың дені сот актілерімен, қылмыстық қудалау әрекеттерімен келіспегендер, жалақысын ала алмай жүргендер, – деді Артур Ластаев.

Оның айтуынша, арыздар барынша қысқа мерзімде қаралуы тиіс. Басты міндет – бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге жәрдемдесу.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлек-



паев өз кезегінде ынтымақтастықта жұмыс жасалатынын айтты.

– Әрине, біз Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі ролін түсінеміз. Туындаған мәселелерді шешуге жәрдемдесеміз. Облыс тұрғындарының игілігі үшін ынтымақтастыққа әрқашан дайынбыз, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Артур Ластаев өңірдегі қоршаған ортаны қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерінің маңыздылығына да тоқталды. Тұрғындардың алаңдаушылығын тудырып отырғаны да – осы. Ол аймақ-

басшысына қабылданған шешімдердің орындалуын тұрақты бақылауға алу және өз өкілі Азамат Тілешевті бұл жұмыстарға белсенді тартуға шақырды.

– Омбудсмен кеңсесі өте маңыз-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

зды. Себебі, біз адам құқықтарын қорғаудың басқа түрлері болмаған кезде әрекет етеміз. Сондықтан, атқарушы немесе құқық қорғау органдарының құзыретін алмастырмаймыз, керісінше, толықтырамыз, – деді омбудсмен.

Артур Ластаев 6 адам қаза тапқан Ақтау кентіндегі өрт бойынша төтенше жағдайды жою жөніндегі уәкілетті органдардың қабылдап жатқан шараларының толық еместігіне назар аударды. Өрт туындаған жағдайда Ақтау кентінің халқы 30 шақырым қашықтықтағы Теміртаудан өрт сөндірушілерді күтуге мәжбүр. Бұл тағы да қайғылы салдарға әкелуі мүмкін.

Кездесу барысында өңірде адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша нәтижелі және сындарлы пікір алмасу өтті. Омбудсмен Қарағанды облысында адам құқықтарын ілгерілету және қорғау бойынша әкіммен және тиісті органдармен тығыз ынтымақтастыққа дайын екендігін білдірді. Жұмыс сапары барысында омбудсмен Долинқадағы түзету мекемесінде сотталғандарды жеке қабылдау және Қарағандыда «Ана Үйі – Дом Мамы» дағдарыс орталығының қызметімен танысты.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

● ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Сәби иісін аңсағандар

Теміртау тұрғыны Алина аңсаған сәбиін 18 жылдан кейін қушағына басты. Бала сүйемін деп емделді де, әр жылдары бірнеше операция да жасатты. Дегенмен, нәтижесіз болды. Осы себептен алғашқы шаңырағы да шайқалды. Дегенмен, арманына жетті. 40 жасында ана атанды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Екінші некеде бірден ЭҚУ-ға жүгіндік. Барлық критерийлер бойынша бағдарламаға іліктік. Былтыр қызмыс дүниеге келді. Бақытымда шек жоқ, – дейді өзі.

Өткен жылы облыста экстраторпоралдық ұрықтандыру арқылы 125 нәресте дүниеге келді. Бұл – 125 шаңырақта сәби үні

естіліп, шаттық еселенді деген сөз. Оның жетеуі – егіз. Тағы 137 әйел баласын күтіп жүр. Облыстың денсаулық сақтау басқармасында мәлімдегендей, былтыр «Аңсаған сәби» бағдарламасына бөлінген квота толығымен игерілді.

Быылға 403 квота бөлінді. Ол үшін медициналық сақтандыру

көры 373,8 млн. теңге жоспарлан койды.

Денсаулық сақтау басқармасының бас гинекологы Құралай Ахметованың айтуынша, 38 адам квотаға ие болып үлгеріпті.

– Быылғы квотаның 38-і бөлінді. Әйелдер өз қалауы бойынша Астана, Алматыдағы «Экомед», «Эколайф» клиникаларында, Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығына бара алады. Тіпті, Шымкент пен Жамбыл қалаларындағы клиникаларды да таңдап жатады. Қарағандыда «Ажжан» клиникасы эстракорпоралдық ұрықтандыру бағдарламасына қатысады. Таңдаған клиникасынан тексерістен өтеді. Олар ЭҚУ жасауға болады

деген қорытынды берсе, біз квотаны рәсімдейміз. Жүктілік кезінде өз тұрғылықты жері бойынша бақылауда болады, – дейді дәрігер.

Мемлекет басшысының бастауымен қолға алынған «Аңсаған сәби» бағдарламасына быыл үшінші жыл. 2020 жылы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында алғаш сөз еткен Президент еліміздегі әр алтыншы отбасы бала сүйе алмайтынын айтқан болатын. Содан бері жыл сайынғы квота 7 мыңға ұлғайып келеді. ЭҚУ процедура-сының құны – мемлекет мойнында. Бала иісін аңсағандар үшін бұл көп көмек, зор қолдау.

Қазіргі уақытта көмекші репродуктивті технологияларға мұқтаж 752 наукас есепте тұр.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Экономикасы өрлеу жолында

Өткен жылы Приозерск қаласында «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» аясында 165 млн. теңге сомасына 38 жоба жүзеге асырылып, 28 адам жұмыспен қамтылған. Быыл 189 млн. теңге сомасына 40 жобаны іске қосып 32 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда. Сонымен қатар, 82 млн. теңге сомасына 5 шағын және орта кәсіпкерлік нысан іске қосылады деп күтілуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаев мәлімдеді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шаһар басшысы Сапар Қайыркенұлының айтуынша, қазіргі таңда барлық шаралар әлеуметтік сала мен экономиканы тұрақтандыруға бағытталған. Былтыр жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер орындалған.

– Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іске асырылатын бағдарламалар шеңберінде 2022 жылы азаматтардың жекелеген санаттарына 26 млн. теңгеден астам сомаға әлеуметтік қолдау көрсетілді. 521 отбасына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй жәрдемақысына ие болды. Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 298 адам оңалтудың техникалық құралдарын алып, 54 адам шипажайда ем алды. 1 200-ден астам азаматқа мерекелік және

атаулы күндерге бір реттік төлемдер төленді. 9 азамат инвалидқа дейін жүрумен қамтамасыз етілді. Барлық белгіленген әлеуметтік қолдау шаралары ағымдағы жылы жалғасатын болады. Өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 1 млрд. 977 млн. теңгені құрады. Өнімнің нақты көлемінің индексі – 32,3 пайыз. Көрсеткіштің төмендеуі «Ер Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің руда құрамындағы қорғасын концентратының үлесінің төмендеуіне байланысты болды. «Ер Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Қосқұдық» жаңа кен орнын ашуына байланысты аталған көрсеткіш ағымдағы жылдың соңына дейін орындалады. Қалада 803 шағын және орта бизнес субъектілері жұмыс істейді. Жұмыспен қамтылғандар саны 1 562 адам. Жұмыспен қамту көрсеткіші 2021 жылмен салысты-



рғанда 3,3 пайызға артты, – деді Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Халықтың әл-ауқатының өсіп, тұрмысының жақсара түсуіне үлкен әсер ететін мәселенің бірі – бағаны тұрақтандыру. Жәзіс өсіп кететін баға тұрғындардың тұрмыс жағдайына кері әсер етіп қана қоймай, экономиканың өсуіне де қиындық тудырады. Сондықтан, Приозерск қаласында осындай

проблемалардың алдын алып, әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру үшін жергілікті бюджеттен қаржат бөлінген. Жергілікті бюджет, негізінен, әлеуметтік салаға бағдарланған. Басым бөлігі білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету және спорт салаларына арналған. Әлеуметтік салаға барынша назар аударылған. Қазіргі уақытта жастардың саны

● ҚАБЫЛДАУ

Өзекті мәселелер – назарда

Елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалар арасындағы маңызды басымдықтың бірі – адам құқықтарын қорғауды күшейту. Бұған дейін әлеуеті тиісті деңгейде ашылмаған Адам құқықтарын қорғау институты Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауынан кейін пәрмен алды. Жәзірәлік, әділдік пен бейтараптықты мақсат еткен Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі омбудсмен Артур Ластаев өңірімізге жұмыс сапары барысында азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдады.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыдағы «Достық үйінде» қабылдау өткізген Артур Ермағанбет өңір тұрғындарына бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша кеңестер беріп қана қоймай, тікелей көмек алуларына мүмкіндік берді. Қабылдауға келген жеті адам сот актілерімен келіспеушілік, әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу мәселелеріне шағым жасай келген. Жағдайдың да түрлі бола-



тынына байланысты әр азаматқа қабылдау барысында жеке практикалық тәсіл қолданылып, әр дәлел мұқият зерделенді.

Ал, базынасын айта келгендер болса, бұл қабылдау уәкілетті адамның адам құқықтарын қорғауға және мұқтаж жандарға көмек көрсетуге бейіл екендігіне көздері жеткенін атап өтті.

Азаматтарды қабылдау тәжірибесі жалғасатынын және еліміздің барлық өңірлерін қамтитынын айту керек. Көтерілген мәселелерді омбудсмен жеке бақылауына алғандықтан, тез әрі тиімді шешілуі тиіс.

Одан бөлек, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл балалардың құқықтарын қамтамасыз ету жағдайын талқылау үшін облыстағы балалар омбудсмені Ирина Киселевамен және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен де кездесті.

Кездесу барысында тараптар балалардың құқықтарын қорғаудың ағымдағы жағдайын талқылап, бірлескен жұмыс жоспарларын белгіледі.

Атап айтар болсақ, Артур Ластаев бала құқықтарын қорғаудың практикалық тиімділігін арттыратын «Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттамаға» Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілуін құптады. Ол, сондай-ақ, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді

жоспарының маңыздылығын атап өтті.

Уәкіл білім беру мекемелеріндегі буллинг мәселесін де назардан тыс қалдырмады. Балалар омбудсменіне аталған жағдайды мұқият қадағалауды және осындай оқиғалардың алдын алу үшін қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

Омбудсмен кәметке толмағандарға интернеттегі және әлеуметтік желілердегі кері әсерін тигізетін контенттерге мониторинг жүргізуді және одан әрі шаралар қабылдау үшін ақпаратты аймақтағы өз өкіліне беруді ұсынды.

– Балалардың құқықтарын қорғау және оларға қатысты зорлық-зомбылықты жою – Адам құқықтары жөніндегі және бала құқықтары жөніндегі уәкілдің басым міндеттерінің бірі. Мемлекеттің, үкіметтік емес сектордың және азаматтық қоғамның бірлескен және азаматтық қоғамның бірлескен және азаматтық қоғамның бірлескен жұмыс жасауында тиімді нәтижелерге жетеміз деген сенімдемін, – деді Артур Ластаев.

2 767 адамды құрайды. 377 жас жұмысқа орналасқан. «Жәзіл Ел» бағдарламасы аясында жазғы

мақсатында қала әкімінің грантына 12 млн. теңге қаржы бөлініп, 7 жоба жүзеге асырылған. Бұл шара 2023 жылы да жалғаспақшы. Осы мақсатта қала бюджетінен 20 млн. теңге қарастырылған.

Қала басшылығы тарапынан халықты баспаналы етудің өзге де жолдары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, қалада құрылыс жұмыстары қарқын алған. Нақты айтқанда, құрылыс жұмыстарының көлемі 4 млрд. 560 млн. теңгені құрап отыр. «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жалпы ауданы 6 100 м2 Балқаш көшесі бойында 45 пәтерлі 5 қабатты екі тұрғын үйдің құрылысы аяқталған. Кезекке сәйкес 90 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Быыл 210 көрермен сиятын дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталып, облыстық бюджеттен қаржы қарастырылып, қолдау тапқан. Сондай-ақ, 500 орындық мәдениет үйіне және 30 пәтерлі тұрғын үйге жалпы сомасы 497,8 млн. теңге қаржы бөлінген.

Жергілікті әкімдік қазына қазанынан алынған қаражаттың есебінен қаладағы автожолдар мен ішкі орамдық көшелердің жыртығын жамап, жол салынбаған жерлерге жаңасын төсеу, электр желілерін ауыстыру, суармалы су жүйесін қалыптастыру жұмыстары жалғасатындығын айтты.

● ҚАМҚОРЛЫҚ

Құтқару жұмыстары жалғасуда

Түркияда жедел іздестіру-құтқару жұмыстары жалғасуда. Бұған дейін Түркияда хабар-ошарсыз кеткен 4 отандасымыздың біреуі аман құтқарылып, екеуінің қаза тапқаны белгілі болды. Жалпы, Түркияда зілзала құрбандары саны сағат сайын өсіп жатыр. Бұған дейін Түркияның вице-президенті Фуат Октай қаза тапқандар саны 17 674 адамға жетіп, 72 мыңнан астам адам жарақат алғанын хабарлаған еді.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Отандасымыз Әділ Қадырбековтің денесі Антакья қаласынан, Мирболат Құрмашевтың денесі Хатай провинциясында түгелдей қираған ғимарат үйіндісі астынан шығарылды. Іздестіру жұмыстарын

Қазақстанның құтқарушылары жүргізген екен. Ал төртеудің бірі – Сәбина Мамадиярова тірі.

Төтенше жағдайлар министрлігінің мәлімдеуінше, Қазақстан құтқарушылары төрт учаскеде

апаттық-құтқару жұмыстарына жұмылған. Кеше түске дейін 7 адамды құтқарғаны жария етілді. 14 адамның денесін үйінді арасынан алып шыққан.

Біздің елдің құтқарушылары зар-

дап шеккендерді іздеу үшін арнайы жабдық – акустикалық аспапты пайдалануда екен. Бұл аспап – үйінділердің астында тірі адамдарды анықтауға арналған заманауи техникалық акустикалық құрылғы көрінеді. Құрылғы ақырын естілетін қозғалыстарды, тыныс алуды, жүрек соғысын және кез келген басқа да әзер естілетін шуды анықтайтын ерекше жабдық.

– Екінші эшелон Түркияға барған сәттен бастап, Қазақстан ТЖМ құтқарушылары тәулік бойы құтқару жұмыстарын жүргізуде. Екінші эшелонға іздеу Нурдағы – Газиантеп қаласынан 69 шақырым жердегі толығымен қираған ғимарат бекітілді.

Бұл нысанда қазақстандық құтқарушылар адамдардың орналасқан жері мен жай-күйін анықтау, үйінділер астында зардап шеккендермен аудио байланыс орнату, қажетті көмектің көлемі мен сипатын анықтау бойынша жұмыстарын жүргізді.

Қазақстандық құтқарушылар үлкен тереңдіктегі үйінділер астынан зардап шеккендерді эвакуациялауға жол ашу жұмыстарын орындады. Жедел және сауатты іс-қимылдың, сондай-ақ, уақытылы қабылданған шаралардың нәтижесінде бүгін түнде көлемі 18 мың текше метрден астам үйіндінің астынан үш тірі адамды – ер адам мен екі әйелді шығаруға мүмкіндік туды, – деп хабарлады Төтенше жағдайлар министрлігінің баспасөз қызметі.

● АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Суармалы алқап ұлғаяды

Ел экономикасының негізгі драйверінің бірі – агроөнеркәсіп кешені дамытуда ауқымды жобалар жүзеге асуда. Бүгінде суармалы алқаптарды игеру қарқынмен қолға алынауда. Жақында Қарқаралы ауданына шетелдік инвесторлар барып, аудан әкімі Ерлан Құсайынның қабылдауында болды.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жалпы, Қарқаралы ауданында 166 мың гектар егістік алқабы бар. Бірнеше жыл қатарынан болған қуаңшылық өнім көлемінің азаюына әкелді. Бұл аудан дикандарының аландасушылығын туғызып, суармалы егіншілікті қолға алу мәселесі қозғалған болатын. Осы орайда, суармалы егістік алқапқа арналған техника мен жабдықтарын шығаратын қытайлық «КО» компаниясының өкілдері өз ұсыныстарымен келді. Алдағы уақытта компания «Атамекен» шаруа қожалығына ауыл шаруашылығы техникаларын әкелмек. Шару-

ашылық басшысы Сланбек Қинаятпен бірлесіп отырып, 200 гектар жерді суармалы егістік алқабына айналдырмақ. Егер, нәтижелі болса, алдағы уақытта ауданның егіншілікпен айналысатын өзге де шаруашылықтары шетелдік тәжірибе мен техникаларды қолдануға ниетті.

Бір айта кетерлігі, елімізде бұл технология кейінгі жылдары екпінді даму үстінде. Дегенмен, суармалы жерлер 10%-дан аспайды. Сәйкесінше, алынатын өнім көлемі де аз. Алайда, мұндай алқаптың шығымы жоғары.

● ГРАНТ

Бастапқы капитал – қайтарымсыз көмек

20 ақпаннан бастап бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға онлайн-өтінімдерді қабылдау басталады. Ол 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында жүзеге аспақ. Қарағанды қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы берген мәліметке сәйкес, өтінім Business.enbek.kz порталында беріледі. Қабылдау 3 наурызға дейін жалғасады.



400 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі мемлекеттік грант – бастапқы капитал. Ол жаңа бизнесті бастау және дамыту үшін қайтарымсыз негізде беріледі. Әрбір қатысушы оны тек бір рет ғана ала алады.

Алғашқы лектегі қатысушылар үшін 55 грант бөлініп отыр. Орталық мамандарының айтуынша, тіркелген жұмыссыздар мен жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі үш жылға дейін) грант алуға үміткер бола алады. Бұл жағдайда келесі әлеуметтік категориялардың біріне сүйенеді.

Көпбалалы санатында көпбалалы отбасы ретінде жәрдемақы алатындар, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеуші ретінде жәрдемақы алатын отбасы мүшелері, қоныс аударушылар және олардың еңбек-

ке қабілетті отбасы мүшелері, аз қамтылғандар санатында атаулы әлеуметтік көмек алушылар және олардың отбасы мүшелері, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар, қандас мәртебесі бар адамдар, мүгедектігі бар адамдар грант иегері бола алады.

Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқығаны туралы сертификаты болу қажет. Сондай-ақ, мәртебесін тексеру кезінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушы болып табылмауы тиіс. Бұл оңтүстіктегі солтүстікке ерікті қоныс аударуға қатысушыларға қатысты емес.


Өз тілшімізден

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Ауылда спорт кешені ашылды

Кейінгі жылдары халық игілігіне қажетті нысандар бой көтеруде. Әсіресе, бұқаралық спортты дамытудың маңызды артып келеді. Жуырда ғана Шет ауданы Тағылы ауылдық округінің Жұмыскер ауылындағы ескі ғимарат ел азаматтарының демалушылығымен күрделі жөндеуден өтіп, шағын спорт кешені болып ашылды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Аталмыш кешеннің ашылуына Шет ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Құралұлы бастаған әкімдік өкілдері, спорт саласының ардагері Сәбиғолла Әлкенұлы, белгілі спорт жаттықтырушылары мен ауыл тұрғындары қатысып, салтанатты түрде алқызыл лентасын киді. Ауыл балаларын спортқа баулитын кешен қажетті спорттық жабдықтармен қамтылған. Мұнда спортшылар бокс, қазақша күрес сияқты спорттың әр түрінен үйірмеге қатысады. Кешен жұмыскерліктерді салауатты өмір салтына баулып қана қоймай, уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік бермек.

– Жұмыскер ауылында жастардың спортпен шұғылдануына арналған ғимарат сұраныс туғызып, оны биылғы жылы ел ертінен бейжай қарамайтын ауыл халқының қолдауымен іске асыру мүмкін болды. Сонымен қатар, жақсы істің жаршысына айналған ел азаматтары қолдау мақсатында ғимараттың құрылысын толықтай аяқтауға былтырғы жылы аудандық бюджеттен 2 миллион теңге көлемінде қаржы бөлінген болатын. Ал, жуырда ғана аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі тарапынан қажетті құрал-жабдықтар сатып аперіліп, қосымша 1 бірлік штат жұмысы беріліп отыр. Сондай-ақ, облыстық спорт басқармасы тарапынан күрес үйірмесіне 1 штат бөлінді. Алдағы уақытта 6 ауыл азаматы аталмыш нысанда

тұрақты жұмыс атқаратын болады. Осы орайда, осынау спорт ғимаратының салынуына жан-жақты қолдау көрсеткен ауыл жастары мен кәсіпкерлеріне және барша ел азаматтарына аса зор алғысымды білдіремін. Ауылымыздан ел намысын байрақты бәсекелерде қорғайтын олимпиада, әлем чемпионы шығады деп сенемін, – деді Шет ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Құралұлы.

Сонымен қатар, ауыл азаматтарына аудан әкімінің Алғыс хаттары мен естелік сыйлықтарын табыстап, жаңадан ашылған спорттық нысанға аудан әкімінің атынан қажетті құрал-жабдықтарды тарту етті. Өз кезегінде жергілікті ауыл әкімі Н.Аринов та спорт нысанының салынуына қомақты көмек көрсеткен бір топ ауыл азаматтарына Алғыс хатын табыстап, ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, ауыл ақсақалдар алқасының төрағасы Балтабай Боқайтегі жүрекжарды жылы лебізін жеткізіп, «Матан» ЖШС фирмасының жетекшісі М.Жадаев бокс үйірмесіне керек-жарақтарын сыйға тартты.

Айта кетейік, жөндеуден өтіп, спорт кешеніне айналған нысан бұған дейін ескі мешіттің ғимараты болған. Ауыл азаматтарының ұсынғысымен жүзеге асқан нысан халық игілігіне жарап, талай спорт мейрамдарының ошағы болмақ.

Шет ауданы

Импортты алмастыру – негізгі мүдде

«Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында топтасқан өндіріс ошақтарына бұған дейін құйылған қаржы көлемі қомақты. Дегенмен, Германиядан тағы инвестиция келе жатыр.

Арнайы аймақта биыл қолға алынатын жобалар қарасы қалып. Мысал ретінде, «Polymet Solutions Corporation» ЖШС-ін алайық. Кен диірмендері үшін футеровка шығаратын зауытқа Алмания елі 1,5 млн. еуро инвестиция салмақ. Серіктестіктің бас директоры Қуандық Қазанғап айтып өткендей, бұл қаржы болат футеровка өндірісін іске қосуға жұмсалады.



Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпорын қызметіне пайдалы қазбаға бай Қазақстанда сұраныс артып отыр. Компания қазіргі таңда «KAZ Minerals», «Қазақмыс», «Қазақалтын» сынды алауыттармен келісімшартқа қол қойған. Бұдан бөлек, өзге де отандық, шетелдік байытушылармен келіссөздер жүргізілуде.

Жаңа өндірістік циклді іске қосу мақсатында инвестор биыл 1,5 млн. еуро сомасына қаржы құймақ. Зауыт үшін жер бөлу, телімді игеру мәселелері сәтпен реттелді. Ендігі кезекте жабдықтарды өндіруге кіріспек. Қырық адам жұмыспен қамтылады. Салаға қажетті кәсіби кадрлардың бір шоғыры осы аймақта дайындалады.

Жаңа инвестицияның арқасында кен байытуға қажетті жабдықтарды шығаратын зауыттың екінші тынысы ашылады деп ойлаймыз. Компанияның басшылығы да осы пікірде.

– Бүгінде кәсіпорын кен байыту фабрикаларындағы диірмендерге, элеваторларға қажет қаптама – футеровка, басқа да сан түрлі резеңке, металл бұйымдарын жасайды. Кен байыту өндірісіне қажетті жабдықтар өндіру нарығында Қарағанды аймағы алдыңғы



орында. Тәжірибеміз жеткілікті. Еуропалық технология тиісті деңгейде жолға қойылған. Күрделі жабдықтар істен шықса, бірден жөндеуге мамандарымыздың тәжірибесі жетеді. Біздің өнімдерімізді ірі тау-кен компаниялары сатып алады. Ішкі нарықты және сырттан келетін сұранысты қамтуға әзірміз, – дейді Қуандық Қазанғап.

Айта кетейік, «Polymet

Solutions Corporation» бір күнде пайда болған жоқ. Ертеде Қарағандының Федоров қонысында болған «Еңбек – 2014» серіктестігінің мұрагері. Арнайы экономикалық аймаққа төрт жыл бұрын көшті. Арнайы аймақ – Бұқар жырау ауданына қарасты Доскей ауылы маңында. Жер көлемі – 4500 шаршы метр. Келесі жылында өндіріс желісін тұрғызып, өндірісті бастады. Қазіргі уақытта

кәсіпорын лазерлік және плазмалық металл кесу машиналарын кеңінен пайдаланады. Мамандардың айтуынша, экономикалық тұрғыда тиімді және өнімділігі де өте жоғары деңгейде. Сондай-ақ, соңғы кезде зауыттағы сапаны бақылау жүйесі де жаңғыртылуда. Өйткені, «Қазақстанда жасалған» футеровканың сапасына қатысты кемшілік болмауы тиіс. Импортты алмастырып тұр.



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

«Дүние – үлкен көл,
Замана – соққан жел.
Алдыңғы толқын – ағалар,
Кейінгі толқын – інілер».
(Абай)

Апай (эссе-портрет)

Бүгін Рымбала Кенжебалақызының туған күні. Ел бұл кісінің атын атамай, «Апай» – деп құрметтеп жатады. Бүкіл ғұмыр жасын ұлтының өнеріне арнаған адам. Аяқ совет өкіметінің тілін тауып, қазақ таудан тасқа көшіп жүрген ел, руханияттан жұрдай дейтін осындағы қарасы көп, кеудесі үстем өзге жұртқа ұлтының ұлшылығын, мәдениеті мен руханиятын мойындата білген тұлға. Авторитарлық-тоталитарлық жүйеде ұлттың жоғын жоқтап, оның өнерінің жоқшысы болу – алмас қылыштың астында тұрғанмен бірдей нәрсе еді! Рымбала Кенжебалақызы сол өткелден сүрінбей өте білді!

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Кездесі аяқ қаптап азулы империяның тұсында қазақ сынды біреуге бодан болған елге қызмет қылу – трагедия болған. Нанбасаңыз, Сәкеннің (Сейфуллин) тағдыр-таланына қараңыз. Күллі ғұмыры Анненковтың азап вагондарында өтті! «Қырғыз» атанып кеткен халыққа қазақ деген төркін атауын қайтарып берген осы кісі! Әлиханов – Алашорда жолын тандаса, ол да совет өкіметінде жүріп, қазаққа қызмет еткісі келді! Соңы не болды? Совет өкіметі мен қазақ совет әдебиетінің іргетасын көтеріп, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған Сәкенді «халық жауы» деп атқызып жіберді! Жәзіре оның да сыртынан неше қылы сөз айтылып жатыр...

Тарих қазақ халқының үстінен неше түрлі эксперимент жасаған. Сүттей ұйып, бір жерден сөз, бір жеңнен қол шығарып отырған елді екі тапқа бөліп, бір-бірімен қырыстырып қойды! 1932-де қолдан аштық жасап, 1937-де қазақты бетке шығар сорпасын қалқып алып тастады. Ұлы Абайдың топырағында атом бомбасын сынап, тың жерлерді игеру деген желеумен көшедегі көрінгенін жинап әкеліп, қазақты жүздеген ұлттардың сынақ лабораториясына айналдырды!

Қазір тілін безеген «ұлтшылдар» көбейген заман. Енді ел азат болып, өз тізгінін өз қолына алғанда аға буын осының бәрін білмеді деп ойлайтындар, білсе де қол қусырып қарап отырды дейтіндер шығып жатыр... Совет өкіметі кезінде олардың өздері де үндемеген! Неге білмеді, іштен бәрін де біліп жүрді, әрине! Әлиханов (Бөкейхан) Әлімхан Ермековке айтқан бір сөзі бар: «Біз – жеңілдік, енді сендер басқа жолды тандандар, осы қоғамда жүріп-ақ, ұлтқа қызмет етуге болады!» – деген!

Сол кезде Мұқағали іштегі шер-шеменін жырымен ақтарып салды... Олжас «Аз и Я-сын» жазды! Екеуі де жылқышыға жыр, қойшыға сөз болды сол кезде! Ол жекеңді, тіпті, әлі де ағаш аттың басына танып жүргендер бар ғой?! «Аз и Я-ны» жазған адам қалай қазаққа қарсы болады?! Совет өкіметінің ітіндей жек көрген империя тұсында, қазақ өз алдына, ісі түркі

жұртының мәртебесін көкке көтерген Олжас Сүлейменовтей қазақ бар ма өзі?! Жұмыр басты пениде Құдайдың құйған қалпынан аса алмайды екен...

Марқұм әкемің маған айтқан ақыл-кеңесі көп еді. Қу тірлік соның көбін ұмыттырып жіберді. Есімде қалғаны – бір ауыз сөзі: «Сен келдейді бай қылам деп ойлама, – деп еді, – ол сен түгілі азуын Айға білеген совет өкіметінің қолынан келмеді! Жаманды жақсы қылам деп те ойлама, ол да совет өкіметінің қолынан келген жоқ! Тек жақсының жағасынан алмасаң болды!»

Бүгін қазақтың ғажайып суреткерлерінің бірі һәм бірегейінің айтқан бір сөзі есіме түсіп отыр. Бұл ұлтты ассимиляциялаудың шырқау шыңына жетіп тұрған шағы еді. Төбеде – совет өкіметі, төменде – халық, 1990 жылдардың басында атакты жазушы Сәкен сері (Жүнісов) Қарағандыға келген бір сапарында «Алматы – Мәскеу болса, сенің Қарағандың Петроградқа ұқсап тұр!» – деп еді. Қазағы аз Қарағанды облысындағы титұлды ұлттың руханиятына көңілі көншіп айтқаны.

Сәкен серінің осы сөзінде Рымбала апайдың елден ерек образы тұр! Ресейдің бір провинциялық шахарына ұқсап, ұлттық кескін-келбетінен жұрдай бола бастаған Қарағандыны сол шақта-ақ, республикадағы қазақ руханиятының екінші орталығына айналдыруға қосқан бұл кісінің жанқиярлық ұлесін кейінгі толқын аңыз ғып айтады әлі! Біреудің боданы болған елде де ұлттың руханиятын сақтап, бойына қан жіберу екінің бірі, егіздің сынарының қолынан келе бермеген. Осындағы ұлт, ұлыстарды бір тілде сөйлетіп, бір ұлтқа айналдырмақ болған совет өкіметі кезінде қазақтың рухын биікке көтеріп, аты аңызға айналған, Темірбек Жүргенов, Лияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков сынды саусақпен-ақ санарлықтай тұлғалар республикада ғана емес, елдің түпкір-түпкірінде болды. Рымбала Кенжебалақызы да солардың қатарын түзеп, ұлттың басына күн туған ең бір сындарлы сәтте Тәңірі маңдайына жазған азаматтық парызын абыроймен орындап шықты!



Бізден гөрі етегін ертерек жауып, есін жинап ұлт болған, ел иесі ормандай орыс жұрты мұндай адамдарын «Генератор идея», «Подвижник наций», «Прорабы духа», – деп есептеп, басына көтеріп жатады! Оларға бәрі де жарасады! Бізде олардың сыртынан өсек-аяң айтады...

«Подвижник наций»-дың қазақша баламасын таба алмай отырмын. Образға орап айтқанда, төбесінен кірпігін қақпай бағып тұрған өзге үстем жұрттың шылауында кетпей, өз ұлтының өнері мен мәдениетіне ерекше еңбегі сіңген адам дегенге келіңкірейді. Олар атакты Третьяков галереясын ашқан көпестінен бастап, сутегі бомбасын жасап, кейін өз ісіне өзі өкінген диссидент, академик Сахаровты, тіпті, орыстың халық хорын құрған хормейстеріне дейін осылай атайды.

Бүгінде туған жұртынан алғыс қана алған Рымбала Кенжебалақызы сексеннің сегізінше шығып отыр. Қарағандыда оның шапағатын көрмеген бірде-бір өнер адамы жоқ. Ол кісі қоғамнан өз орнын алып, халқының іттипат-құрметіне бөленген адам. Халық – қасиетті! Ол кімнің кім екенін бізден гөрі жақсы біледі ғой. Оның көңілінен шығу көшедегі көрінгеннің пешенесіне бұйырмаған!

Өзіңіз күллі ғұмырыңызды арнаған ұлттық руханиятымыз жемісті, қазақ қоғамындағы орныңыз келісті бола бергей, аяулы апай!

Таң қалам Ұлы анамыз
Қарқабатқа,
Тектіден тұяқ қалса –
мархабат та.
Мекенім тыныш болса, сол
заманда-ақ,
Меккеге апармас па ем
аркалап та?!
Қазадауысты Қазыбекше
мақалдадым.

Дау болса топқа түспей жата
алмадым.
Жан-жағым – дау мен дамай...
ұлы анамды,
Арқалап Меккеге де апармадым.
Меккеге өз анамды апармадым?

Меккеге өз анамды апармадым,
Өлең – өрт, өзек өртеп жата
алмадым:

Қасымның қадіріне
жеткізбеген,
Бітпеді қаңғып өткен
сапарларым...
Болмадым тірлікте бір
тұлғаға сеп,
Болғанда, өстіп итше
шуламас ек:

Мәдидің соңын алып, жырга
келсек:
«Досымнан дұшпаным көп,
кылған өсек!»

Әйтеуір, ер жігітке жер кен екен,
Сонан соң маңдайыңнан
шертеді екен.

Мұң шаққан Фаризаға
Мұқағали –
Қазақтың ең соңғы бір еркегі
екен!

Қырық жыл осы жұртқа
қиқуладым,
Үйсіннің аруларын
сиқырладым,

Ғалия маңдайыма кез кеп еді,
Оны да ел қатарлы үй
кылмадым.

Бесік жыр, шешем айтқан
ертегімен,
Еліне бола туған ерке едім мен.
Білгенім – ерге пана, елге –
тұтқа,

Қазақтың қызы ғажап
еркегінен!
Мен болсам, жер шаламын, Күн
шаламын,
Бір ғажап жыр кернеп тұмса
жанын,

Анамды, апамды да сол Меккеге
Апара алмаған соң мұң
шағамын...

Қайраткерліктің СИМВОЛЫ

Рымбала Омарбекова – өнер бағына туған ұлтжанды, өте білімді жан. Оның өнер мен мәдениеттегі ұлан-асыр еңбегін тек Қарағанды облысының аясында өлшеп, бағалауға болмайды. Рымбаланың өрелі келбетін ойлағанда сонау Т.Жүргенов, І.Омаров сынды кемеңгерлердің елесін көргендей сезімге бөленетінім бар. Халқымыздың ұлттық өнерін шынайы білгірлікпен дамытқан Рымбала Омарбекованы қайраткер деуге толық негіз бар. Толассыз өтіп жатқан тіршілікте өзінмен араласқан, діні мен ділі бек жарасып, қадірлес, дәмдес болған, әркез еске түсіп, сағындырып жүзесуді аңсата беретін сүйкімді жандардың байтақ галереясы көз алдымда емірене елегізген сезім жайнайды да тұрады.

Сондай ғажайып тілеулердің ішінде Рымбаланың дидагы ерекше жарқырап көрінеді. Бір бекзат болмыс. Ибалы ізеті, ішкі жан дүниенің тазалығы, биоөрістің кеңдігі жан біткенді ерекше жылы сезіммен баурау тектілігінен сезіледі. Осы жаратылысына сезімталдығы, сұлулық әлемін сезінуі оған деген ынта-ықыласы келбетін көрікті етіп көрсетеді. Арқа дәстүрінде ән толғап, дәйім Арқаны аңсап, Қарағандыға келгенде таң нұрындай жарқырап, Рымбала қуана қарсы алады. Рымбаланың төңірегіндегі әнші атаулы Егіндібұлақта, Қарқаралыда, Жаңаарқада өзін шығарған әндерді шырқап, Қоянды жәрмеңкесіндегідей дүркірейді де жүреді. Ол жүріс оңай ақау-екеу емес, ән тілеген есті жұртпен жүздесу, арқаның асыл әндерін насихаттау, ел еңсесін көтеру. Арқадағы бір Балқантауға төрт ән шығарсам, Рымбаланың тілегімен «Қарқаралы», «Қарағанды вальсі» жазыпшы. Рымбала осы вальсті Бибігүл Төлегеновадай ұлы әншіге орындатты.

Илья ЖАҚАНОВ,
композитор, Қазақстанның Еңбек Ері

Ер мінезді іскер жан

Рымбала Кенжебалақызы өнерге келгеннен бастап танымын. Өзіме туысымдай болып кетті. Қарағандыға келген сайын ақжарқын күлкісімен, жайдары жүзімен қарсы алады. Өзі жалғыз мен емес бүкіл өнер адамдары Қарағандыға келе қалса, апайды іздейді: «Қайда ол кісі, бар ма?» деп. Өйткені, Рымбала апамыздың орны бөлек, жөні бөлек. Ол кісі бір іскер адам, қаланың өзге қыз-келіншектеріне ұқсамайды.

Қай іске де ер адамша бел буып, білегін түріп кірісіп кететін іскер адам.

Ол кісінің бір қасиеті – шаршамайды, талмайды, жалықпайды. Іс-шара болсын, концерт болсын, жиналыс болсын біреуінен қалғанын көрген емеспіз.

Келген қонақтарды қарсы алып, шығарып салып жатады. Соның барлығына мұқият қарап, бір жерден шашау шықпайсың, бір жерден кішкене кінәрат кетпесің деп, бәрін сырттай қадағалап, ақыл-кеңесін айтып отырады. Былайша айтқанда бұл кісінің ер адамнан артық мінезі, ер адамнан артық қайраты, еңбекқорлығы бәрімізге ұнайды. Бүкіл республикадағы жұртшылық осы Рымбала апамызды қатты сыйлайды, құрметтейді. Өйткені, халық әбден етене танған.

Рымбала Омарбековаға денсаулық тілей отырып, ол кісінің халыққа қажет, елге керек екенін айтқым келеді. Бәріміз де Қарағандыға бара қалғанда «апамыздан сұрайық, апамызбен ақылдасайық» деп, жастар сол кісіні күтіп отырады. Өйткені, ол кісінің білгені мен алған тағылымы мол. Қаншама жыл ел басқарды, қанша жыл Қарағандының өнерін көркейтті. Қарағанды өнер ордасы деген бағадан айнымаған қалыпта келе жатыр. Кешегі 1990 жылдардағы қиыншылық жағдайды да филармония кызметкерлерінің, өнер адамдарының жалақысын уақытында беріп, қарнын ашырмай алып шықты. Міне, содан бері тамаша бір қалыпта келе жатыр, өнер адамдарының бәрі риза бұл кісінің еңбегіне, қамқорлығына. Қарағанды халқын солай үйретіп қойған, елдің бәрі қандай концерт болсын, үнемі келіп отырады. Басқа облыстарда мұндай нәтиже жоқ. Халықты үйрете білу, халықты баули білу, өнерге тәрбиелеу деген қасиет ешкімде жоқ, осының бәрін Рымбала апамыз іс жүзінде қолданып, елдің алғысына бөленіп отыр.

Бүкіл Қазақстанның өнерпаздары, жазушы-ақындары бар, осы Рымбала апамызға тілектес ырза, бәріміз жақсы көреміз ол кісіні. Сондықтан, бақытқа толы ғұмыр тілейміз. Мерейтойы құтты болсын!

Қайрат БАЙБОСЫНОВ,
Қазақстан
Республикасының
халық артисі

Халқы риза Рымбала

Рымбаланы 1960 жылдардан білеміз. Одан бері де талай заман өтті. Еңбегін көзбен көріп бағалайтын ел азаматтары Рымбаланы «Министр культуры Қарағанды» дейтін.

Рымбала – Қарағандының мәдениетінің дамуына жан-тәнін аямай, күні-түні қызмет істеп, көп еңбек сіңірген жан. Рымбаланың арқасында Қарағанды бізге екінші еліміз сияқты болып кетті. Қарағандылықтар Ерекеннің әр туған күнін атап өтіп, концертін ұйымдастырып отырады.

Ерекен қайтыс болғаннан бері ұмытылмай көп нәрсе жасалды. Осы істердің бәрі Рымбаланың арқасы деп есептеймін. Симфониялық оркестр 1970 жылдары Ерекеннің нұсқауымен құрылып еді. Қарағанды облысының басшысы Д.Коркин деген азамат болатын.

«Қарағанды – по значимости второй город в Казахстане. Вам не иметь симфонический оркестр стыдно. В Чехословакии в каждом районе есть симфонический оркестр» деп, облыс басшысына – «Сіз құдіретіңіз жетіп тұрғанда, күшіңіз жетіп тұрғанда бір симфониялық оркестр құрыңыз» деген ұсынысын айтқан. «Оған не керек?» деп сұрағанда 70-80 музыкант, аспап, үй керек. Инструмент те, әртістерге үй де оңай емес, сойтса да оркестрді құруға арналған іс-шаралар толық атқарылып, симфония оркестрі дүниеге келді.

Бүгінде еліміз ұялмайтындай тамаша оркестр, бүкіл әлемді шарлап, концерт беріп жүр.

П.Грибанов – өте жақсы, білімді дирижер. Қазақстандағы симфониялық оркестрлерден артық болмаса, кем емес. Осы оркестрге Ерекеғали Рахмдиевтің атын бергізген де Рымбала болатын.

Ерекеннің 90 жылдығында қарағандылықтар керемет концерт өткізді, еске алу кештерін ұдайы өткізеді. Рымбалаға қашанда ризамыз, өмір жасы ұзақ, абыройы биіктерден көрініп, бақытты болуын тілеймін!

Клара РАХМАДИЕВА,
Ерекеғали Рахмдиевтің зайыбы



Аялы алақан иесі

Орталық Қазақстан өңіріндегі өнерпаздардың Рымбала апайдың шапағатын, қамқорлығын көрмегені кемде-кем. Аялы алақан иесі.

Кезінде айтысқа қатысқанымда апайдың қамқорлығын көрген жанымның бірі өзім. Әлі есімде, Абайдың 150 жылдық мерейтойында барлық облыстан бір ақыннан шақырылғанда, Рымбала апай Мәдениет министрлігіне шығып: «Біз ұлы Абай-

дың нағашы елі боламыз. Қарағандыдан екі ақын барады» деп. Аманжол екеуімізді жібергенін қалай ұмытамыз. Тек, ақындардың ғана емес, әнші, күйші сияқты қаншама өнерпаздың жолын ашты. Жеке шығармашылық кештерін өткізіп, қолдап отырды. «Облыстың мәдениет министрі» деген сөз – шын мәнінде Рымбала Кенжебалақызының сіңірген еңбегіне берілген лайықты қошемет!

Сексеннің сегізінше көтерілген Рымбала апай бүкіл саналы ғұмырын қазақ руханиятының кемелденуіне, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты.

Апайға таусылмас бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Қойлыбай АСАНОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Рымбала Омарбекова – 80 жаста

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті Рымбала КЕНЖЕБАЛАҚЫЗЫ!

Сарыарқаның ғана емес, барша Алаш жұртының ардақтысына айналған Сізді бүгінгі сексен жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз бар саналы ғұмырын ел ертеңіне, оның ішінде Қарағанды өңірінің руханиятын өркендетуге өлшеусіз еңбек сіңірген тұғырлы тұлға, қажырлы қайраткерсіз.

Орталық Қазақстанның тұтас бір дәуіріндегі мәдениеті мен өнерінің дамуы сіздің есіміңізбен ерекше астасып, егіз ұғымдай естіледі. Сіздің сол гибратты ғұмыр жолыңыз кейінгі жас ұрпаққа қашанда үлгі-өнеге, бағыт-бағдар. Қарағанды облысының мәдениет басқармасын басқарған жылдары Сіз Құнанбай қажы мешітін қалпына келтіруге, Тәттімбет атындағы академиялық оркестр мен «Аққу» фольклорлық би ансамблінің құрылуына, «Шалқыма» концерт залының ашылып, облыстық қазақ драма театрының еңселі ғимарат еніп-өлеуіне ықпал етіп, оңтайландыру кезінде ауылдық кітапханалардың жабылып қалмауын қызғыш құстай қорғап қалдыңыз.

Зейнет жасына шыққаннан кейін де өнердің ор тұлғасы ретінде креативті идеяларыңызды жүзеге асырып келесіз. Қазірдің өзінде «Сарыжайлау» кинотеатрының басшысы ретінде қазақ кино өнерінің өркендеуіне елеулі үлес қосып отырсыз.

Әрдайым деніңіз сау болып, бақ-берекесіз ортайсыз!

Туған халқыңыз бен сүйікті ізбасарларыңыздың ортасында ғасыр биігіне жетіңіз!

Мерейтойыңыз тағы да құтты болсын!

Құрметпен
Асхат ОРАЛДОВ,
Мәдениет және спорт министрі

Ақпандағы ай

(Рымбала Кенжебалақызына)

Құсқа хат секілді ғұмырнамаң,
Жақсы апам, жайдақтарға
бұрылмаған.

Сендірер сертінде адал
қасиетін –
Мен білер Рымбала –
ырымды адам.

Ақ едің...
ақ болған соң ардан едің,
Арқада ақпанда Ай боп толған едің,
...қызы боп жаратылып
орманыңның
Арманың айтып кеттің
орман едің.

Еліңе емен-жарқын қадірің көп,
Жыл ауса бәйшекетей тағы
бүрлен...

... Анамай,
Сізге риза – Қарағанды
Келесіз рухының шамын үрлеп.

Лаулаған ордалы үйдің
ошағындай,
Көзінен көкжасекті
таса қылмай.
...Қаздауыс Қазыбектей
бабамыздың
Бедерлі белбеуінің шашағындай.

Жаны оның жақсылықтың
жаршысындай,
Намыстың нарлар ұстар
қамшысындай.
Кешегі Қарқабаттай
анамыздың –
Мәлт еткен жанарының
тамшысындай.

О бастан тектілердің...
тамырласы,
туған жердің қанатты
қарлығашы.
... Жарық күннің жамалын
жаныңа ора –
Мәди,
Сәкен,
Қасымның қарындасы!

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
ақын, Абай атындағы
мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты

Дара да өзі, дана да өзі

Арқаның мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Қарағанды қаласы мен облысының және Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы Рымбала Кенжебалақызын көп жұрт «Мәдениет министрі» деп атайды. Ол шынығында, Мәдениет министрі де болар еді. Кезінде белгілі сыншы, өнертанушы, профессор Әшірбек аға Сығай марқұм өзі министрдің бірінші орынбасары болып тұрған кезде министрлікке қызметке шақырғанда, Рымбала Кенжебалақызының қазыналы Қарағандысынан қозғала қоймағанын үнемі айтып жүретін. Рекеңе «Өнердің Ұлпаны» деп ат қойып, ерекше құрметтеген де сол сырбаз да, сұңғыла Әшірбек аға еді. Бұл күндері міне, сол дара да, дана Рымбала Кенжебалақызының мерейлі мерейтойын атап отіп жатыр барша жұрт.

Дара дейтіміз, ол – билік тізгінін ұстаған өзі құралытас және өзіне дейінгі, өзінен кейінгі азаматтар мен қыз-келіншектер буыны арасында бірден-бір айтулы тұлға. Еңбек жолын мектепте мұғалімдіктен бастап, комсомол, партия қызметінде шыңдалған Рымбала Кенжебалақызы алдымен, аймақтың мәдениет саласына басшы болып келді. Одан соң облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін абыройлы атқарды. Бес жылдан кейін облыс мәдениетін басқаруға қайта ойысқан Рекең осы қызметті 20 жылдай атқарып, «Омарбекова десе, мәдениет, мәдениет десе, Омарбекова» деген егіз ұғым қалыптастырды. Кешегі кеңестік кезеңнен бастап, тәуелсіз еліміздің қалыптасу жылдарында қоғамға, ұлттың өнері мен мәдениетінің дамуына азда-көпті қызмет атқарған, ел үшін еңбек еткен қыз-келіншектердің бәрі Рекеңді өзіне ұстаз-үлгі тұтады.

Аймақтың ғана емес, барша еліміздің, ұлттымыздың мәдениеті мен өнерін өркендетуге аянбай тер төгіп, қажырлы еңбек еткен Рымбала Кенжебалақызы Қазақстанның рухани әлемінде жүрген өнер жұлдыздары, қарымды қаламгерлері мен жазармандарының күллісі басып, қадірлеп-құрметтейді. Олардың қай-қайсысының да Арқаға келген өнер сапары Рекеңнің ұйымдастыруымен өтпейтін. Өз кезегінде қазақтың бұлбұлы Б.Төлегеновадан бастап, небір өнер мен мәдениет майталмандары Рекеңнің бір ауыз сөзін сыйлап, қай кезде болсын Арқандан табылады. Ал, Сарыарқаның өнер айдынына қанат қағып ұшқан балғын өнерпаздарынан бастап, елімізге, әлемге әйгілі болған небір мәдениет майталмандарының қай-қайсысы да Омарбекованың «шекпенінен шығып», қазақ руханиятының қызғыш құсы Рекеңнің қамқорлығын көріп, батасымен көр-кейген.

Қарағандыдағы бірден-бір мемлекеттік «Сарыжайлау» кинотеатрына жетекшілік етіп отырған соңғы жылдары Рекең дамып келе жатқан қазақ киноиндустриясының өнімдерін, қазақ фильмдерін насихаттап, таныстыруға айрықша үлес қосып жүр. Қазір «Сарыжайлау» жәй кинотеатр емес, көпшіліктің келіп демалатын, орта тауып, сырласатын, тіпті, ардагер апа-аталардың көңіл көтеріп, би билеп, ән шырайтын шуақты шаңырағына айналған. Бұл да Рекеңнің даралығының кейбір көрінісі ғана...

Дана дейтіміз, сабырлы да, салмақты, әрі асқақ, әрі қарапайым қалпынан ешқашан айнамайтын, «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп хақим Абай айтқан си-



паттың бәрі Рымбала Кенжебалақызының тал бойынан табылады. Рекеңді алғаш көргендер тым қатал адам деп ойлап қалуы да мүмкін, үнемі жинақы жүретін, киген киімі мен қысқа қиылған шаш үлгісі келбетіне жарасқан, талғамы жоғары осынау жанның мысы кімді де болсын басып тұрар еді. Мысы мен сұсы басқанмен, тереңдігі мен парасаты адамды өзіне тартып тұратын ерекше қасиеті бар тұлға Рекеңмен бірге жұмыс істеудің өзі – үлкен өмір мектебі.

Рымбала Кенжебалақызы алдында аға-апалары, сонында бауыр-сіңілілері бар үлкен әулетте – Қарқаралы орман шаруашылығының құрметті қызметкері – әкесі Кенжебала мен анасы Айтбандұң аялы алақанында өсіп, бойжетті. Қарағанды педагогикалық институтын орыс тілі мен әдебиеті факультетін тәмамдап, Мәскеудегі қоғамдық ғылымдар академиясында оқыған, тарих ғылымдарының кандидаты.

Облыстағы мемлекеттік және жауапты қызметтерде болған жылдарында аймақтағы білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және тұрғындарды әлеуметтік қорғау салаларының барша мәселесіне белсене араласты. Оның табандылығы мен жігерлі бастамашылық қасиет-қабілеттері арқасында бюджет қаржысы әлеуметтік сала нысандарының құрылысына тартылып, көптеген ғимарат бөрі көтерді. Ол қашан да адамдарға жақын және алдына келген жанды қай уақытта болса да қабылдап, мәселелерін шешіп отыратын аймақтағы санаулы басшылардың бірі болды.

Рымбала Кенжебалақызы – аймақтағы ұлттық-мәдени орталықтарды құру ісінің бастауында тұрған тұлға. Қазір де этномәдени орталықтардың өмірі мен қызметінен шет қалмай, олардың түрлі іс-ша-

раларды ұйымдастырып, өткізуіне қолдау көрсетіп отырады. Алғаш 1995 жылы Рымбала Кенжебалақызының бастамасымен, ұлттық-мәдени орталықтардың облыстық фестивалі ұйымдастырылып, ол бүгінге дейін салтанатты да, мазмұнды шаралардың біріне айналды. Рекеңнің облыстық мәдениет департаментіне жетекшілік кезеңі ықшамдау жылдарына түс келді. Мәдениет пен өнердің қызғыш құсының орасан күш-қайраты мен іскерлігінің арқасында облыстағы кітапханалар мен клубтар желісі барынша сақталып қалды. Олардың халыққа қызмет етуі үшін Рымбала Кенжебалақызы «кітапхана-клуб» тәсілін ойлап тапты, соның нәтижесінде облыстың ең алыс ауылдарындағы мәдениет ошақтары жұмыстарын тоқтатпады. Оның ендігі бастамасы, ол кезде республикада баламасы болмаған, қазіргі заманғы аудио-видео құрылғылармен жабдықталған, мәдениет мекемелерінің қолдары жете бермейтін тұрғындарға қызмет ететін «Зерде» видеомобильдерін енгізуі еді. Оның ауылды дамыту тұрасындағы аймақтық бағдарлама аясында қазіргі заманғы, соңғы үлгідегі музыкалық-дыбыстық аппаратура алып, ауыл клубтарына тегін беру бастамасы облыс басшылығы тарапынан қолдау тауып, солай жүзеге асырылды да.

Өз уақытында Рымбала Кенжебалақызы Тәттімбет атындағы қазақ ұлт аспаптары оркестрін құруға бастамашы болды, кейіннен оркестрге «Академиялық» деген атақ берілді. Сондай-ақ, «Аққу» фольклорлық-хореографиялық ұжымының, Теміртау қаласындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған театрдың дүниеге келуі, бәрі де оның қажырлы еңбегінің арқасы болатын. Рымбала Кенжебалақызының тынымсыз

еңбегі мен күш-жігерінің арқасында облыстың кәсіби шығармашылық ұжымдары мен жеке орындаушылар аймақтық, республикалық, халықаралық фестивальдер мен байқауларға қатысып, жүздеген оралып жүрді. Таяу шетелдер ғана емес, басқа да әлем елдеріне гастрольдік сапармен барды. Франция, Голландия, Швеция, Венгрия, Болгария, Түркия, Иран және өзге де мемлекеттердің көрермені қазақ өнерімен танысты. Рымбала Кенжебалақызының қолдауының арқасында «Буен-

кіштерді сақтау, қалпына келтіру мәселесі ешқашан шет қалған емес.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ ол тарихи-мәдени мұраны сақтап, қорғау жөніндегі облыстық инспекцияны құрды. Инспекцияның міндеті – ғылыми экспедицияларды ұйымдастырып, тарихшыларды тарту арқылы ескерткіштердің қазіргі жағдайын зерттеп, оларды қалпына келтіру мәселелерін шешу. Рымбала Кенжебалақызының тікелей араласуымен облыстық тарихи-өлкетану музейінде компьютерлік анимация

залы және тарихи картиналардың «Dolbi» дыбысты кинозалы ашылды. Оның бастамасымен облыстың танымал мәдениет және өнер қайраткерлеріне, театрдың аға буын актерлеріне тұрған үйлеріне мемориалдықта орнатылып, олардың есімдері мәңгілікке қашап жазылды. Мәдениет басқармасының басшысы болған жылдары жас мамандарды даярлау және қайта дайындықтан өткізу мәселесіне үлкен көңіл бөле отырып, Рымбала Кенжебалақызы Тәттімбет атындағы өнер колледжінде халық аспаптары және театр артистерін даярлау бөлімдерінің ашылуына ықпал етті. Осы оқу орынын бітірген түлектер бүгінде облыстың шығармашылық ұжымдарының белді өнерпаздары.

Рымбала Кенжебалақызы бүгінде жай қатарда жүрген жоқ, әрдайым мәдениет пен өнер саласының алдының шебінен табылады. Ол облыстағы бірден-бір мемлекеттік кинотеатрға басшылық етеді. Кинотеатр – Қазақстанның киноөнерін, Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының қазіргі заманғы картиналарын қазақ тілінде насихаттайтын жалғыз мәдениет ошағы. Кинотеатр қызметкерлері ауылдар мен аудандарды аралап, тұрғындарға кино көрсетуді дәстүрге айналдырған. Қазақ киногерлері де «Сарыжайлау» кинотеатры басшысының шақыруымен Арқаға атбасын жиі бұрады. Олармен өтетін қызықты да мазмұнды кездесулерді көрермендер әрдайым асыға күтеді.

Арқаның ардақтысы, ұлт руханияты мен мәдениетінің қызғыш құсы – өзі дара, өзі дана Рымбала Кенжебалақызы осындай жан!

Сағат БАТЫРХАН,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

Күн төбеге көтерілгенде

Қасиетті Қарқаралы жері тарихында 1851 жылы салынып, рухани ордаға айналған Құнанбай қажы мешіті, сол уақыттағы ең ірі сауда орны Қоянды жәрменкесі, өшпес із қалдырған Қаздауыс ақын Қазыбек бидей ақылғой данасы, халық композиторлары Мәди Бапиұлы мен Тәттімбет, дауылпаз ақын Қасым сынды ұрпақтары, Токтар мен Нұркендей аңызға айналған батырлардың есімі халыққа жақсы таныс.

Бүгінде осы Қарқаралының қасиетті топырағында өмірге келген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Қарағанды облысының және Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, мәдениет майталманы Рымбала Омарбекова ақпан айында 80 жасқа толды.

Белгілі театртанушы, марқұм профессор Әшірбек Сығай ағамыз: «Рымбала Кенжебалақызы Қарағанды мәдениетінің дамуына үлкен еңбек сіңірген көш бастаушысы» деп, бір-ақ ауыз сөзбен жеткізген еді.

Өткен ғасырдың 70-жылдары құрылған «Салтанат» ән-би ансамблінен бастау алып, симфониялық оркестр, Тәттімбет атындағы академиялық ұлт аспаптары оркестрі, джаз оркестрі, «Аққу»

фольклорлық би ансамблі, «Арка сазы» фольклорлық ансамбльдерінің құрылып, ұйымдастырылуына Рымбала Кенжебалақызы ерен еңбек сіңірді.

Рымбала Омарбекованың барлық іс-қимылынан кешегі Т.Жүргенов, І.Омаров, М.Рымжанов ағаларымыз сияқты білікті тұлғалардың өлшеусіз еңбектерін кайталап, олардың бірқатарымен бірге қызмет етіп, тәжірибесін ұштастырғанын ұққандай боламыз. Әрине, бұл жерде апамыздың қазақтың көптеген танымал тұлғалары жазушы, ақындарымен, Е.Серкебаев, Р.Бағланова, Е.Рахматиев, Н.Тілендиев, Б.Төлегенова, Ш.Қажығалиев сияқты әнші, композиторлармен сыйласып, сол кісілерге құрмет көрсетіп, көбімен етене араласқанын айта

кетуіміз керек. Халық мұрасының қайнар көзі атанған мәдениет саласында еңбек сіңіріп жүрген өнер адамдарына қол ұшын беріп, жастардың кәсіби өнерін жетілдіруге көңіл бөліп, үлкен сахнаға жол ашты. Рымбала апамызды Арқа өңірі мәдениетінің анасы деп бүгінгі жұрт атап та жүр, атайды да.

Мәдениет саласының түйткілді мәселелері 1990 жылдары түйыққа тіреліп, ауыл мәдениет ошақтары кітапхана, клуб жылуысыз, қаражатсыз тұралап қалған кездерде, жоғарыдағы облыс басшыларымен кенесе отырып, оларды сақтап қалуға сіңірген еңбегі бүгінгі күні нәтижесін беруде. Халық композиторы Мәди Бапиұлы, халық әртісі Жүсіпбек Елебеков, халық композиторы,

шертте күйдің атасы Тәттімбет атындағы республикалық байқаулардың өтуіне мұрындық болып, министрліктен Қарағандыда өтуін талап етіп, осы байқауды жыл сайын өтетін дәрежеге жеткізген Рымбала апамыздың қайраткерлігі еді. Осы байқаудың басында апамызға М.Адамбеков, Ж.Кемалов сынды әнші бауырлары қолдау көрсетіп, атқарылған істер өз нәтижесін берді. Жүсіпбек Елебеков атындағы бірінші байқаудың бас жүлдесін С.Мұсайын, келесі айналымдағы байқаудың бас жүлдесін Д.Әрқенов алған болатын.

Қазыбек би бабамыздың 350 жылдығы Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауылында дүркіреп өткеннен кейін, Түркістан, Сарыағаш қалаларында бабамызға ескерткіштің тұғырына қонғанша жасаған еңбектері де ұшан-теңіз болатын. Әр іске тиянақты қарайтын Рымбала апамыз жауапты іспен айналысатын азаматтарға қолдау көрсетіп, жұмыстың түйткіл жерлерінде сабырлық танытып, жұмыстың әрі қарай дамуына жүйелі бағыт-бағдар беріп отырады. Рымбала Омарбековадан тәжірибе алып, атқарған

жұмыстары оң нәтиже беріп жүрген азаматтар да баршылық. Музыкалық комедия театрының басшысы А.Ибраев, Станиславский атындағы орыс драма театрының басшысы Д.Еспаев, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің басқарып отырған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Т.Ыдырысов, бірлестік басшысының орынбасарлары Ф.Ажбағамбетов, Б.Ахметжанова, С.Сейфуллин театрының басшысы Қ.Қалымов Рымбала апамыздың тәрбиесін алып, бүгінде өнер және мәдениет саласында елеулі еңбек етіп жүр. Тіршілікте ұйымдастыру қабілеті мол адамдардан үлгі алған, асыл қасиеттері, ақыл-кестері, адами қарым-қатынастары есінде қалып өзінді де шыңдайды, тәрбие де береді. Біздің жазып отырғанымыз Рымбала Омарбекованың еңбектерін көзімізбен көріп, көңілімізге түйіп қалған кездердің бірер үзгі деп біліңіздер.

Мейірман ЖАШКЕЕВ,
облыстық «Қазыбек би»
қорының төрағасы



● ЖЕТІ ҚАЗЫНА

(Соңы. Басы №№11-14 сандарда)

Ең бастысы қасқыр шүйбөріге құтын берген!

Содан барып ит пайда болған. Кері болуы әсте мүмкін емес. Шуландар тек жалмен ғана жұптасқан!

Шүйбөрінің сырт пішініне қарасақ қасқырдан гөрі итке туысатын сынды.

Итті жеті қазынамыздың бірі деп шимайлап та, сұңқылдап та жүрміз.

Қазір итшежіре деген әуезе шықты. Жеті атасынан бері қайырады, жетпіс жеті атасына дейін талдайды. Өйтпесе саудаға шығарған итіңіз өтпейді.

Қалай дегенде жаһанда ит саудасы жүріп тұр. Жақсы ит үшін автокөлігінен түскендер, басындағы баспаналарын сыйлаған делқұлылар туралы аңызда қисап жоқ.

Иттің бүгінгі мәртебесі – тауар!

Сондықтан да ит саудасы бүгін-ертең тоқтап қалмайды.

Ит саудасы бұрыннан бар. Қазақ байлары заманында жақсы ит үшін үйірлеп айтық айтқан.

Бірақ қазақтың ит саудасы қазіргі ғана тән сауда.

Өйткені қазақ ұғымында ит айттып өткеніміздей жеті қазының бірі.

Бір кездері иесін ит асырған жылдар болған.

Ашаршылық жылдарында дөңгелеген ауылдар орнынан қозғалмаса олардың асыраушысы ит деп білгеніміз жөн.

Қазақ ұғымында ит иесі үшін алады.

Қазақ руханиятындағы арғы-бергі жазбада ит табиғаты жөніндегі тұшымды жазбалар некен-саяқ, жоқтың қасы.

Себебі ол заманда итті қазіргідей жіліктеп отырудың қажеттілігі болмаған сынды. Бәрі білген. Қазір сол білгенімізден ажырап қалдық.

Ит атаулы қойшы-қоланда қалды.

Қалалық жерді қаңғыбас иттер басты.

Қазіргі қазақтан сұрап көріңіз, иттің еркегі төбет, ұрғашысы қаншық деп қарап тұрады. Біздің ит жөніндегі түсінігіміздің тарылғаны осыдан-ақ байқауға болар.

Ендігі бірауыз сөз итқұс жөнінде.

Қазаққа итқұс деген сөздің бары анық.

Итке қаратылып айтылғаны да анық...

Құсқа қаратылып айтылғаны да анық...

Қазақтың сөздік қорында мұндай лексемнің болғанымен оның толық мағынасы ашылмаған. Тіпті, ондай талпыныс жасалмаған да тәрізді. Әрі-бері ақтарыстырған қағаздарымыздан ондай сонар шықпады.

Осынау қоссөздің алғашқы және кейінгі сынарларының мағынасы өз алдына айқын болғанымен бірігіп келіп не мағына беретіні ұмытылған, дұрысы күнгірттенген болса керек. Оның да жөні бар сынды. Өйткені оның айтылу жиілігі өмір сүру салтымызға байланысты сиреген.

Сөз жоқ, қазақ баласы итқұс деп қасқырға ғана қаратып айтады.

Қысыңа салсақ итке қаратып айтпасақ керек-ті.

Құсқа қаратып айтпасақ керек-ті.

Осы жерде шүйбөріге де қаратылып айтылмай ма деген сауал алдымыздан атойлап шыға келеді...

Қасқырды ит деп ұғынсақ ол түсінікті. Өйткені қасқыр ит тұқымдас.

Қасқырды құс деп ұғынсақ қалай болады?

Амандық-саулықтан соң қыр қазағы «Итқұстан амансыңдар ма?» деп жөн сұрасады.

Қазіргі жұрт мұны «Қасқырдан амансыңдар ма?» деп түсінеді.

Шынымен, солай ма?

Қазақ эпосында италақаз екі жұмыртқа тастайды. Соның бірін құмай, екіншісін тазы басады. Құмайдың басқаны – ит те, тазының басқаны не ит емес, не құс емес. Құмай басқаны – құмайтазы да, тазы басқаны – итқұс. Құмаймен аң қағайды.

Итқұсқа бөккен дуадақ, саңырауқұр сынды құстарды ілдіреді. Ертеде емдік мақсатта итқұспен кептер де аулаған.

Бұған қарап бабаларымыздың күс ілген итті жақтырмағанын көреміз. Өз ісімен шұғылданбады деп иттің басын кемітетінін байқаймыз. Пәле-жала осындай шатаулардан деп түсінген.

«Итқұстан амансыңдар ма?»-ның мағынасы енді түсінікті болар.

Ел арасында тағы бір жаңсақ түсінік жүр.

Тазының жүйрігін әлеке деп жазатынды шығарып алыпмыз. Арғы-бергі әдебиеттерден басқа мағынасын таппадым.

Қалай дәріптесек те итте жағымсыз иіс бар. Сасық демей-ақ қояйық, күлімсіге келеді. Қалалық жерде ит ұстайтындардың үйінен сондай иіс шығып тұрады. Ол иісті ешқандай әгір иісі баса алмайды.

Қазақтың мысықты үйге алып, итті алмау себебі осы. Басты себебі.

Дегенмен керісінше де болып жатады. Анау-мынау емес... төрде жатады. Оның өзінде тазысы.

Әлгі Тұйғынды Таймас атам «Әлекең» деп отырушы еді. Алғашқыда адам аты деп ойлайтынмын.

Кейіндеу білсем біздің Тұйғынның тазының әлекесі екен.

Иттегі сасық иісі тері безісінен шығады. Сол тері безісінің жетілмейтіні де болады. Ондай жағдайда иттен ит иісі шықпайды.

Әлекеміз осы!

Иттің тазасы!

Тазының тазасы!

Мұндай иттің жаланып тұратыны түсінікті. «Әлекедей жаланып» деген сөз содан қалған.

Жоғарыда айтқанымыздай ит жүйрігін ұшар деген. Бұларымыз қанатты иттер.

Осы ұшар түсінігінің итқұсқа қатысы жоқ па деген ой да мазалап қояды.

«Тілімізде жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деген мақал бар.

Осы мақалды күні бүгінге дейін жете тәпсірлемейміз.

Талпыныстар жоқ емес, бар. Өкініштісі аяғына дейін жетпеген.

Бұралқы қасқырдың үнемі аш құрсақ жүретіні белгілі. Даланың құзғын-қарғасы жүргенде жалада өлексе де жата бермейді. Содан амалы құрыған бұралқы ауылды ториды. Қарауылына тоқты-торымды алады. Алайда ауылдың үргеніштері алдыра қоя ма? Токтасуыз үріп аспан астын жаңғыртады ғой.

Қасқырдың ақылды мақұлықат екеніне бүгінде ешкім де дау айтыпайды. Ақыл тұрған жерден айлаңның да шығатыны белгілі.

Бұралқы соңғы айлаға барады. Ит дауысына салып үргенішті ауыл сыртына шығарып алады.

Шығарып алады да...

Төрт байшайн қалдырады...

Қасқырдың ит болатын жері осы!

Ит тұқымдастардың негізгі ауруы құтырма.

Ішек құрылысы ауруы да оларға оңай тиіп жатпайды.

Қолдағы иттің аш жүре қоймайтыны белгілі. Кейде ит те иттігіне барады. Әлдеқалай шөжемен ойғанан болып оңештен асырып жібереді.

Ит екенсің деп қазақ осындай-дан айтады. Бұл жерде арамсың, болмаса адал емессің деп айтып тұрған жоқ, ит екенсің, қасқыр екенсің деп айтып тұр.

Сондай ауыл иттерінің күресінен шықпай қалатыны бар. Тауық, болмаса қаз сойған үйдің күресінен.

Кәнігі итбегілер соның сыр-ын білсе керек. Білгенде қандай! Олар итке арнап құс өсіреді. Болса кептер, болмаса көгершін ұшасы да жарайды!

Әсіресе, тазылар кептер етіне ош келеді.

Иесі құс етін бермегенде өздері ауыл сыртына шығып кептерге шығады. Құс болып кикүлап, аспандағы кептерді жерге түсіреді. Қалғаны белгілі.

Түтесі шыққан қауырсындары қалады...

Қасқыр да ит...

Ол да кикүлап құс түсіреді...

Кептерін де...

Көгершінін де...

Дуадағын да...

Үлдеп...

Дулап...

Сонымен қасқырымыз...

Ит те екен...

Құс та екен...

Ит жаманы, болмаса ит жақсысы деп сөйлейтін қазақтар болса ғана керек. Мұнан байқайтынымыз салыстырмалы түрде болса да, болмаса өмір сүру дағдысына қарай қолайына жақпаған үргенішінін бабаларымыз жіліктеп қойған.

Ел ішінде бір желбуаз әңгіме бар.

Ит сырттандары қасқырды алады деген.

Ақбақай

(Ақселеу Сейдімбектің рухына)

Төрехан МАЙБАС,
этнограф-жазушы

Сөйтсін де ит сырттандарына бөрібасарды, баракты, боркөзді жатқызады.

Мен болсам бұлардың біреуіне де өз тарапымынан ең салмас едім.

Өйткені қандай ит болсын қасқырды ала алмайды. Мейлі қасқыр соғарыңыз тайыншадай болсын, мейлі өгіздей болсын.

Өйткені табиғатынан асып ешкім де кете алмайды.

Жыртқыштардың басты қаруы – тісі.

Оның ішінде – азүтіс.

Қасқырлар бөлтірігін дүниеге әкелгенде тісімен қоса әкеледі.

Оның жағы туа түзеті!

Біреу күннен кейін ол ет жеуге жарайды.

Ит қыста және көктемде жұптасады.

Бұл жағдайда ақай жұп талғамайды. Оның күшігінің әкесін осыдан кейін дөптеу мүмкін болмай қалады.

Ақайдың жұптасудағы мұндай бәтуасыздығына орай оны итақай деген.

«Иттің итақайы» кемсіткі сөз осыдан шыққан.

Бұл жерде итақай жалғыз емес, оған қосар итбақайымыз бар. Итбақайымыз да кемсіткі сөз. Құтына ие бола алмайтын бақайды бабаларымыз итбақай деген.

Аға ұрпақ білер болар. Сол кісілердің аузынан естіп едім.

– Ақай-бақай болып отырмы-



Ал иттің күшігі тіссіз туады.

Жалпы, тіс жағынан бұлар адам баласына ұқсайды. Бұларда да 42 тіс болады. Бұларда да сүт тіс деген болады. Бұлар да тіссізді.

Қасқыр баласының жақ күшігі иттен бірнеше есе күшті болады.

Ит қарсы келген жағдайда қасқыр өзінің ақылды екендігін бірден көрсетеді. Тамақтан, болмаса шаптан алып әуре болып жатпайды.

Олар иттің бас қаруын – жағын ұсатып жібереді.

АҚАЙ

Арғы-бергі әдебиетті төңкергенде көзімізге оттай басылғаны итақай деген сөз. Уикипедияның өзінде де тұр.

Итақай – иттің күшігі дейді...

Итақай – иттің ұрғашысы дейді...

Халқымыздың сөз сардары Сәкен Жүніс ағамыз да кейіпкерінің аузына итақайдың иттің ұрғашысы екендігін салады.

Басқа жазушыларымыздан да осы сынды пайымды кездестірдік. Мұның өзі біздің жазушыларымыздың шын шеберлігін көрсетпей ме? Әңгіменің, не баянның өн бойында бір мәрте де иттің ұрғашысын, еркегін, күшігін не дейтінін ауыздарына алмайды ғой.

Сонымен итақайымыз иттің күшігі ме?

Әлде қаншығы ма?

Сондықтан да оларды итақай деп кемсітіп жатамыз.

Олардың ішінде де бір-ақ рет жұптасатындары болады. Бұл көбінесе қыс айында (желтоқсан, қаңтар) өтеді.

Олардың ішінде де бір-ақ рет жұптасатындары болады. Бұл көбінесе қыс айында (желтоқсан, қаңтар) өтеді.

Олардың ішінде де бір-ақ рет жұптасатындары болады. Бұл көбінесе қыс айында (желтоқсан, қаңтар) өтеді.

Олардың ішінде де бір-ақ рет жұптасатындары болады. Бұл көбінесе қыс айында (желтоқсан, қаңтар) өтеді.

Олардың ішінде де бір-ақ рет жұптасатындары болады. Бұл көбінесе қыс айында (желтоқсан, қаңтар) өтеді.

Олардың ішінде де бір-ақ рет жұптасатындары болады. Бұл көбінесе қыс айында (желтоқсан, қаңтар) өтеді.

Олардың ішінде де бір-ақ рет жұптасатындары болады. Бұл көбінесе қыс айында (желтоқсан, қаңтар) өтеді.

Олардың ішінде де бір-ақ рет жұптасатындары болады. Бұл көбінесе қыс айында (желтоқсан, қаңтар) өтеді.

Олардың ішінде де бір-ақ рет жұптасатындары болады. Бұл көбінесе қыс айында (желтоқсан, қаңтар) өтеді.

63 күн көтереді. Кей тұс 75 күнге дейін кетіп қалады. Кейінгісі итбақайларға қатысты.

Тазының аңқөсі осы бақайлар.

Есті қазақ итті екіге бөліп тастайды.

Барак деп.

Тықыр деп.

Барактары иттің жүндес келетіндері.

Тықырлары жүн-жұрқадан жұрдайлары.

Жалпақ жұрт тықыр деп тазыны, барак деп төбетті ұғынады.

Итке жақын жүрген қазақ болса барак деп бақташыны, тазы деп аңшыны біледі.

ТОҚАЙ

Ал олардың күшігін тоқай дейді.

Шегелеп тұрып айтайық, иттің күшігін – тоқай дейді.

Тіліміздегі «ақай-тоқайы шықты», «ақай-тоқайын шығарды» сөз тіркесіндегі ақайымыз бен тоқайымыз осы.

Ит шіркіннің жылына екі рет жұптасатынын жаздық. Қысында жұптасқаннан туған күшікті қысқыш, жазында туған күшікті жазқыш дейді. Ел ішінде қы-

апармаса да киелі санаған. Ол бүгінгі біздің түсінікте жаман, нашар сөз болып тұр. Бұрынғы заманда онымыз қастерлі сөздің бірегейі болатын.

Оның тағы бір мысалын өзгенде іздемей-ақ өзімізден табуымызға болады. Ол – адай омонимі. Бұл да тура мағынасында ит деген сөз. Бұл сөз хакас бауырларымызда қалыпты.

Ит хакас тілінде адай деп аталады. Түрік жұртында итті боқай деп те айтушылық бар екен. Мұны ноқайдың вариациясы дегеннен гөрі бақаймен төркіндес деген жөн сияқты.

Осы тоқай атауына байланысты тағы бір архетипті алып шығуымызға тура келеді...

Ол тоғай сөзі. Тоқай сөзімен түбірі бір сөз. Қазақ сөз танымшылары, қазақ діл танымшылары осы тоғай сөзімен барак сөзін байланыстырады. Жай ғана байланыстырып қоймайды. Даму динамикасын да ұсынады. Ол динамика бойынша барак қалың, сабалақ, ұйысқан деген мағына береді. Қазіргі қолданып жүрген тоғай сөзіміз де осы мағынада айтылады және түсініледі.

Мен өмірімде қазақтың Ақселеуімен көп араластым. Ақан қадімгідей менімен санасатын. Ақанның ит жөніндегі түсінігі менен асты деп айта алмаймын. Алайда ит жөніндегі жалпы түсінігіміз бір арнаға тоқайласып, бір арнадан шығып жататын.

Әкем Әкімжан жөн білетін қазақтың бірі еді. Мені көрген Оралхан Бөкей ағам мұның әкесі қандай екен деді ме ауылдан алдырып, түнді түнге ұрып әңгіме соққандары бар. Ақанның да біздің әкеймен жүздескісі бар-ды. Алайда тағдыр бәрін басқаша шешті.

Менің справочникім сол кісі болатын. Бәрін алып қала алдым айта алмаймын. Алайда сол алып қалғанымыз өзін ешбір оқулықтан, ешбір жазбадан кездесіре алмағаныма пұшайман болатыным рас.

Сондай жағдайда құтқарушымыз болып Ахаң жетер еді.

– Сен Ақтоғай жөнінде Марғұланның не айтқанын білесің бе?

Мен үндемедім.

Тоқай-тоғайды біліп тұрмын. Неге ақ?

– Біліп жүргін. Жалқы туған тоқайды ақтоқай деген...

Кейінде барып ақтоғай деп айтушылық шыққан...

күшікті аққушік, жазқышты көккүшік деп айтушылық та бар. Негізінен қысқышты көпек дейді. Тұрмағанбет ақынның «Ит пен сүйек хикаясындағы» көптегіміз осы.

Сондай-ақ ел ішінде көккүшікті боқай деп айтушылықты кездестірдік.

Мұның бәрі нені көрсетеді? Мұнымыз иттану әліпшесі емес. Нағыз иттану ғылымының негізгі түсініктерінің қазақ тілінде болуы бізді көп жайтқа жетелесе керек. Осы қасқыртану мен иттануға қатысты түсініктер бойынша бабаларымыздың басқа түркі жұртының бәрін де шоқтықты болғанын көреміз.

Біздің иттану қорындағы басқа жұрт сөздерінің орнығы да ойландырса керек. Бұл сөздік қорымызда басқа жұртта кездесе қоймайтын жүзден астам лексем болса, соның негізгі айналыста жүретіні бес-алты-ақ сөз емес. Қалғандары айтып отырған сөздерімнің түрлемесі.

Иттануға қатысты қазақ сөздерінің қисынының да тіректі екендігін бірден аңдауға болады. Бұл қалай, мұнысы қалай дейтіндей бір-бірімен байланыссыз сөздер емес. Бабаларымыздың қасқыртану мен иттануда сөздік қатарының болуының өзі ұлт интеллектін көрсетсе керек.

Тоқай сөзін естіген бетте екі сөз найзағай отындай жылт береді.

Оның бірі – тоғай сөзі.

Екіншісі, әрине, ноқай сөзі.

Қыр қазағы ренжігенде «ноқай екенсің» деп жатады.

Мұның тү

● ДІН - ДИҢГЕК

Рухани орталық бой көтерді

Егіндібұлақ ауылында рухани оқу-ағарту орталығы ашылды. Оның құрылысын ауыл тұрғыны, белгілі кәсіпкер, осындағы «Балқантау» өт өнімдері цехының жетекшісі Өмірзақ Қапиевтің жүргізіп, демеуші болды.

Айттуғанұлы алдымен жиналған халыққа Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлының сәлемін жеткізіп, орталықтың

Дулат ЖҮНІСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шағын ауыл үшін рухани орталықтың орны бөлек. Жаңа, заманауи үлгіде салынған нысан айналасына рең беріп қана қоймай жастардың имандылыққа бет бұруына да ықпал етпек. Нақты айтқанда, орталықтың негізгі мақсаты – Абайтану, Шәкәрімтану оқуларын ұйымдастыра отырып, балалардың білімін шыңдау, әдеби танымын арттыру, әдеби ортаның жаңалықтарымен дер кезінде таныстырып, шама келгенінше интеллектуалды орта қалыптастыру.



шағына тоқталды. Ел болашағын күні ертең қолға алатын балалардың рухани танымның артуына жағдай жасап отырған аға ұрпақ өкілдеріне алғысын білдіре келіп, орталыққа жүз кітап тарту етті.

Оны «Мешіт – сүйіспеншілік пен бауырмалдықтың, игілік пен ізгіліктің, бірлік пен мей-

Облыстың бас имамы Естай

ірімділіктің, барша жақсылықтың тоғысқан құтты мекені. Расында өмірдің тіршіліксіз, ал тіршіліктің құлшылықсыз құны жоқ. Ислам діні тіршілік пен құлшылықты қатар үйлестіріп, өнегелі өмір салтын сабақтастырып, ғұмыр кешуге үндейді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадис-шәрифінде; «Алла Тағала мешітті жақсы көргендерді жақсы көреді», – деген. Асыл дініміздің абыройын асқататып, жауапкершілігін терең сезініп, сауатты істерге белсене атсалысып келесіз. Иmandылық бағытындағы ізгі істеріңіз үшін өзіміз және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұжымының атынан Сізге айрықша алғысымды білдіремін. Алла Тағала деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, өміріңізге береке тілеймін! Ел игілігі үшін жасап жүрген істеріңізге Жаратушы иеміз әрқашан жар болып, мерейіңізді үстем етсін! Әмин!» деп жазылған

Салтанатты шарада ардагер ұстаз, абайтанушы Мұхит Адамов тілегін білдіріп, ауыл ақсақалы Сембек Қажы бата берді.

Рәсімнің құрметіне орай жиналған қауымға ас беріліп, ауыл жастары спорт ойындарын өткізді. **Қарқаралы ауданы**

● БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА

Орны ерек кафедра

Биыл Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіне – 70 жыл. Ел экономикасының дамуына еңбек сіңіріп жүрген түрлі маман даярлауда оқу орнының алар орны ерекше. Сан саланы қамтыған маман иелерін дайындауда қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы да айрықша үлес қосуда.



Университетте қазақ тілі кафедрасы 1990 жылдың қараша айында құрылды. Әр жылдары кафедраны республикаға танымал филологтар басқарды. Кафедра алғаш құрылған кезде меңгерушісі болып филология ғылымдарының кандидаты, жазушы Ә.Әзиев тағайындалды. 1993-1996 жылдары – М.Хасен, 1996-1997 жылдары – филология ғылымдарының кандидаты З.Жұмағалиев, 1997-2004 жылдары Г.Нұрғожина кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Г.Нұрғожина басқарған кезден бастап, кафедра қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы болып қайта құрылды. 2004-2005 жылдары – Қ.Шабденова, 2005-2008 жылдары филология ғылымдарының кандидаты Қ.Хамзина және 2008 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін филология ғылымдарының кандидаты Қ.Қалыбекова басқарып келеді.

уын ерекше ықыласпен атап өткіміз келеді. Марат Кеңесұлы оқытудағы инновациялық тәсілдер жүйелі болуын ескерді. Сондай-ақ, болашақ басқарды. Кафедра алғаш құрылған кезде меңгерушісі болып филология ғылымдарының кандидаты, жазушы Ә.Әзиев тағайындалды. 1993-1996 жылдары – М.Хасен, 1996-1997 жылдары – филология ғылымдарының кандидаты З.Жұмағалиев, 1997-2004 жылдары Г.Нұрғожина кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Г.Нұрғожина басқарған кезден бастап, кафедра қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы болып қайта құрылды. 2004-2005 жылдары – Қ.Шабденова, 2005-2008 жылдары филология ғылымдарының кандидаты Қ.Хамзина және 2008 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін филология ғылымдарының кандидаты Қ.Қалыбекова басқарып келеді.

Кафедраның мақсаты – елдігіміз бен бірлігіміздің тірегі болып табылатын мемлекеттік тілді үйрету, қолданыс аясын кеңейту, мәртебесін көтеру. Кафедра құрылған жылдан бастап, озат студенттерді анықтап, олардың зияткерлік дамуы мен кәсіптік бағыт алуы үшін қолайлы жағдай жасауда. Үздіктерді анықтап, олардың болашақта білімдерін жетілдіруіне жағдай жасау мақсатында олимпиадалармен қатар, халықаралық, республикалық, аймақтық конференциялар, семинарлар өткізіледі.

Осы орайда, оқытушылардың біліктілігін көтеру жұмыстарын жандандыру және білім сапасын жақсарту тәсілдері жүйелі түрде қолға алынды. Тәжірибе алмасу барысында кафедра Қазақстанның жоғары оқу орнындағы тәжірибелі мамандармен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Саналы тәрбие, ұлттық мәдениет пен құндылықтарды бойларына сіңіру мақсатында мемлекет және қоғам қайраткерлерінің атаулы даталарына, атап айтсақ, С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған республикалық деңгейде жас ақын-жазушылардың форумы, Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай «Абайдың асыл мұрасы» әдеби кеші, А.Әлтаевтың шығармашылығына арналған республикалық деңгейдегі басқа да іс-шаралар ұздіксіз атқарылып келеді.

Ана тіліміз – асыл мұра. Сол асыл мұраны аялап, өскелең ұрпаққа жеткізу барша жанның тікелей борышы екендігі даусыз.

Осы орайда, оқытушылардың біліктілігін көтеру жұмыстарын жандандыру және білім сапасын жақсарту тәсілдері жүйелі түрде қолға алынды. Тәжірибе алмасу барысында кафедра Қазақстанның жоғары оқу орнындағы тәжірибелі мамандармен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Саналы тәрбие, ұлттық мәдениет пен құндылықтарды бойларына сіңіру мақсатында мемлекет және қоғам қайраткерлерінің атаулы даталарына, атап айтсақ, С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған республикалық деңгейде жас ақын-жазушылардың форумы, Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай «Абайдың асыл мұрасы» әдеби кеші, А.Әлтаевтың шығармашылығына арналған республикалық деңгейдегі басқа да іс-шаралар ұздіксіз атқарылып келеді.

Ана тіліміз – асыл мұра. Сол асыл мұраны аялап, өскелең ұрпаққа жеткізу барша жанның тікелей борышы екендігі даусыз.

**Қ.ҚАЛЫБЕКОВА,
Қ.ХАМЗИНА,
Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университетінің
қазақ тілі және мәдениеті
кафедрасының доценттері**

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Танымал тұлға тағылымы

Кеше Қарағанды қаласының іргетасы қаланғанына 89 жыл толды. Атаулы күнге орай қаладағы №53 мектепте «Сүйікті қалам – Қарағанды» атты мерекелік кеш шымылдық түріп, оқушылар белгілі өнерпаз Марат Бекішевпен кездесті. «Өнегелі өмір» жобасы аясында өткен тағылымды шараны көркем еңбек пәнінің мұғалімі Шынар Рысқұлова ұйымдастырды.



Марат Бекішев шығармашылығы арқылы Қарағанды қаласы мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосып жүрген азамат. Білім ошағындағы кездесуде ол оқушыларға өнер жолының қиын да қызықты сәттері туралы баяндап

берді. Өз кезегінде бойында талант ұшқыны бар жас өрендер сахна төріне көтеріліп, түрлі жанрда ән шырқап, өнер көрсетті. Оларға кештің кәдірлі қонағы Марат Бекішев те қосылып, «Менің Қарағандым» әнін шырқап,

мерекелік кештің мерейін асқаттап түскендей болды.

Кешті ұйымдастырушы Шынар Еркебұланқызының айтуынша, бұл кездесудің негізгі мақсаты – Қарағандының қалыптасу тарихын өскелең

ұрпаққа ұғындыру, сондай-ақ шығармашылық жолында жүрген тұлғалардың еңбектерін таныстыру.

Бұл ойды мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Айдан Тұрсынқызы да қуаттап отыр. Ол кісінің айтуынша, оқушылар танымал тұлғалармен кездесу арқылы өздерінің келешек жоспарын құрып, белсенді бола түседі.

– Біз осындай тағылымды жұмыстар арқылы оқушыларымызға туған өлкенің тарихын таныстырамыз. Марат Бекішев тәрізді туған қалаға еңбек сіңірген азаматтарды қонақ етіп, олардың өмір жолын мысал ете отырып, балаларды адалдыққа, шығармашылыққа тәрбиелейміз, – дейді Айдан Тұрсынқызы.

Кеш соңында Айдан Тұрсынқызы қалалық білім бөлімінің Алғыс хатын Марат Бекішевке табыстап, кездесуге алтын уақытын бөлгені үшін алғыс айтты. Сонымен қатар, шараның өтуіне барынша атсалысып, көрме ұйымдастырған мектеп оқушыларын марапаттады.

Өз тілшімізден

жаңсақ пікір қалыптасқаны да рас. Алайда, бұл пікірдің дұрыс еместігі дәлелдене бастады. Тіл қолданысының маңыздылығы артып, оның тиімділігін арттыратын әртүрлі бағдарлама, жобалардың жүзеге асуы көптеген орыс тілді азаматтарымыз бен өзге ұлт өкілдері ойларының күрт өзгеруіне мүмкіндік туғызды.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!» жобасы – мемлекеттік тілдің бүгінгі жағдайы, болашағын орыстелді аудиторияның өздеріне талдауды мақсат етіп қойды. Меніңше, бұл саясат аясында қазақ тілінің мүмкіндігін арттырып, іс жүзінде елдің тыныс-тіршілігі мен құрылымын, жүйесін қалыптастыруда, дамытуда, болашағын қамтамасыз етуде қажетті, жарамды тілге айналдыруға ұмтылу – басты бағыт.

Үш тұғырлы тіл мәселесі қозғалғанда, одан қорқып-үркүдің қажеті жоқ дегім келеді. Себебі, ұрпағымыз бірнеше тілді меңгеріп жатса, бұл келешек үшін жасалып жатқан қалам. Өйткені, қазақ тілі – ана тіліміз, орыс тілі – ресми тіл, ағылшын тілі – халықаралық қатынастар тілі екендігін әрбір көзі ашық азамат түсінеді. Қазақ тілі маманы ғана емес, орыс тілі мен ағылшын тілінің мұғалімі де қазақ тілін жетік меңгерген мұғалім болғанда ғана, білім алушы жастар өз ана тілінің ролін терең түсіне алады. Мектеп бағдарламасынан тыс жоғары оқу орнында да «Үш тұғырлы тілді» тек мәдениетаралық негізінде қарап, білім үйрену, ақпарат алмасу, тәжірибе жинау үшін үйретілсе, біз бұл тілді үйренуден ұтылмайтынмызды үлкен сеніммен айта аламын.

**Феруза АРТЫКМУРАДОВА,
Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ мұғалімі**

● ТІЛ - ТҰҒЫР

Үш тұғырлы тіл саясаты: ұтамыз ба, ұтыламыз ба?

Атадан балаға мирас болып келе жатқан тілімізде ата-бабаның сыры, елдің тұғыры, халықтың жаны, ұлттың болмысы жатыр. Қашанда бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар тіл – іргетасы қаланған тіл ғана. Қазақ халқының басында қаншалықты қиын күндер туындаса да, тіпті, атамекен қонысын тастап, сол күндерімен тарих бетінде көшпелі халық атанса да, өзімен бірге алып жүрген бірден-бір байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі, туған тілі.



терді тікелей ағылшын тілі арқылы меңгеріп отырып, әлем халықтарымен тікелей қарым-қатынас жасауға, танымдық көзқарастарымызды кеңейтуге мүмкіндік алып, ақпараттық көздерімізді ұлғайта түсу керек деген ұғымның қалыптасқаны да байқаймыз.

Әр тілдің табиғаты – өз ұлтының мәдениетінің айрықша үлгісі. Ағылшын тілі – ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеттің көрінісі. Демек, мәдениаралық коммуникация орнайтынына көз жеткіземіз. Үштілділік жүзеге аспай тұрғанда, орыс тілінде сөйлеуге, жазуға тура келген жағдайларда қазақ тілін қолдануға мүмкіндік берілуі – қоғамда екі тілдік қауымды өмірге алып келді. Әрине, кеңес жүйесі кезінде қолданыста бір ғана тіл болатын. Қазақтілділер орыс тілін қолданба, түсінбесе, білмесе – өмір сүре алмайтындай жағдай туғызып, 90-жылдардың басынан бастап, қазақтілді қауымға өз тілінде сөйлеуге, жазуға мүмкіншілік туғанда, орыс тілінің қажеттілігі күн тәртібінен шыға бастады.

Қазақстандағы қазақтілділер өз тілінде газет-журналдар оқып, өз тілдерінде хабарлар көріп, қазақ тілін орыс тілімен қатар қолдануға көшті. Тілді қолдану ғана емес, сол тіл арқылы ақпарат алғанда да екі тілдік қауымның арасы ашақтай түсеті. Ең қауіптісі – орыс тілді азаматтарда «осындай қостілділік жағдай мәңгі сақталады», – деген

Әрине, өз тілінде саясаты жазаып, сауатты сөйлей білгенмен, көп тілді меңгеру ешкімге де көптік етпейтін «Жеті жұрттың тілін біл», – деген көкірегі ояу, көзі ашық ұлттың ұрпағы екенімізді еске салады.

«Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін», – демекші, заман ағымына сай болашағымыздың өркендеуі үшін көп тілді меңгергеніміз дұрыс деп ойлаймын.

Бүгінгі заман – білімділердің заманы. Ақылы мен білімі бір-бірімен тең келетін заманда даму, іздену үштілділікті талап ететін сөзсіз. Көп тіл білген адамның қол жеткізіп жатқан жетістігі өте көп. Сондықтан да тіл саясаты үш тілдің қатар қолданысын көздеп, үш тілді әрбір азаматтың баса меңгеруіне

назар аудармақ. Алайда, тіл зерттеушілерінің қағидаттарына сүйенсек, тіл саясатының өзіндік ұтымды, ұтымсыз жақтарына да пікір білдіріп жатқандары кездеседі. Шындығына келсек, мемлекеттік тіл болып есептелетін қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейте алмай, оның тек аударма тілінің деңгейінде қалып қояумен қатар, орыс тілінің белсенділігі ықпалы өршіп, ағылшын тілінің үстемелене түсуі біраз сарапшы мамандарымызды ойлантып тастағаны ақиқат. Керісінше, ескіні ағымдағы пікірлерге назар аударсақ, ағылшын тілі қайта орыс тілімен бірдей роль атқармай, қазіргі жаһандандудың үлесіне иелесу үшін арасының алшақ болуы, ғылым мен техникадағы жетістік-

**Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru**

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росва» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңілдетілген құны үшін
• жеңілдетілген құны үшін
• тракторлар және ауылшаруашылық техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

БІЗ АРҒАН ШИНАЛАР САТТАЙМЫЗ, БІЗ АРҒАНДАУ БАҒАДА САТАМЫЗ

Қарағанды қ. қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



ӘДЕБИ-САЗДЫ КЕШ

Қара өлең қалықтаған күн

Ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай Қарағандыдағы Жана Майқұдық мәдениет үйінде «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты әдеби-сазды кеш жүргізіліп өтті. Мәдени іс-шара Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, ақын Жанат Жаңқашұлының идеясы негізінде қалалық әкімдіктің қолдауымен ұйымдастырылған. Алаштың айбоз ақыны, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы бастаған аркалы ақындар күндей күркіреп өлең оқыса, Арқаның дүлдүл әншілері Мұқағали өлеңіне жазылған әндерді шырады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Кеш басында Мұқағали ақынның образы сомдалып, өлең оқылды. «Айналаға қарайық анық барлап, Түн кеткесін, күн шығып, жарық болмақ. Не туралы жырласақ Фариза-қыз, Бағыштайық бәрін де халыққа арнап» – деп жырлаған ақын туралы Фариза Оңғарсынованың пікірі, оқыған өлеңі және таспаға басылған Мұқағали өзі оқыған жырлары экраннан жұрт назарына ұсынылды. Екі ақынның замандас әрі рухтас дос болғанын ел біледі. Сондықтан да жылы қабылдады.

«Поэзия тумайды жайшылықта, Поэзия тұлғайды қайшылықта» деген Мұқан. Ақын дегеніміз – бойындағы пенделікті быт-шыт қылып жеңген азамат деген сөз. Поэзияға басқаша анықтама беруге бол-

майды. Мұқан туралы түрлі қаңқу сөз бар. Бұл оның ақындықты белі қайысып жүріп көтергенін аңғартады. Мен онымен Алматыда бірге жүрдім. Адамзаттан бөлек жаратылған ақын еді. Мұқағалидың тұсында да Тұманбай, Өтежан, Жұмекен, Сағи сынды керемет ақындар болды. Мұқан ешқайсына ұқсамайтын. Қазір менің өсіме кеше ғана өмірден өткен Сейіл Аяған бауырым мен Кәмел Жүністеги ағам түсіп тұр. Сол марқұмдарды бір минут үнсіздікпен еске алайық» – деп Серік Ақсұңқарұлы «Мәрім-мәрі Пушкин, мен саған жат емеспін» деген ағартқы жырды оқыды.

«Өңсіз өмір өмір ме, қаңсымай ма, Жүрегіңді өртеп дерт жаншымай ма? Махаббатқа арнап бір ән шығарсын, Шәмші-ау,

Шәмші қайда, Шәмші қайда?» деп Мұқағали өзі жырлағандай, кеште ақынның өлеңдеріне жазылған әндерді Сержан Мұсайын, Дәуренбек Әрқенов, Саят Әбдіғали, Саян Бөдес сынды Арқаның күміс көмей әншілері тамылжыта орындады.

Ендігі кезек аға буын ақындар Серік Сағынтай, Тілеген Әділов, Қайрат Асқар, Сұлтан Дәулетханға келді. Тілеген Әділдің Сейіл Аяғанға арнап жазған өлеңі жұрттың көңілін толқытып, көзіне жас үйдірді.

– Бұған дейін қалалық әкімдікпен бірлесіп, «Қарашада өмір тұр» атты ауқымды поэзия кешін өткіздік. Бұл шара – соның жалғасы. Осы кешке алдыңғы жолы қатыспаған ақындарды тартуға тырыстық. Алдағы уақытта да Арқа төсінде, Қарағанды төрінде мұндай кештер жиі өтетін болады. Қолдаушыларға алғыс, ақындарға шабыт тілеймін, – деді Жанат Жаңқашұлы.

«Ақынды ақын оятпаса, болмайды,



Ақынды ақын таяқтаса, ол – қайғы» демекші, тағы да бір топ ақын толқын-толқын болып, екіге бөлініп жыр оқыды. Алдымен, сахнаға Ерқанат Кеңесбекұлы, Қуаныш Медеубаев, Таңсауле Өгенқызы және осы жолдардың авторы көтерілсе, кейін Еркебұлан Елеусізұлы, Әділет Шөпен, Ерік Нарын, Салтанат Қайырбек,

Кәмшат Хасен өлең оқып, көпшілікті бір серпілтті.

Бұдан бөлек, кешке көрермендер де үлес қосты. Мұқан өлеңін іліп әкеліп оқып, Серік Ақсұңқарұлының жыр жинағына не болды.

Ал, Арқаның арда күйшісі Мадияр Сүлейменов орындаған Секен Тұрысбековтің «Ақ жауын» күйі өлеңнен алған әсерді жүрекке сіңіріп жатты.

«Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады» демекші, толқын-толқын жыр оқылған поэзия кеші өте әсерлі болды. Кештің соңына дейін қонақтар кетпей отырды. Мұқағали өлеңін қосыла шырады.

«Болашағым, сенімен бірге өсемін, Мен сенің үніңменен үндесемін» дегендей бүгінгі кешке №61 мектептің оқушысы, Қарасазда өткен республикалық Мұқағали оқуларының жеңімпазы, ақынның 130 өлеңін жатқа білетін Нұрғасыр Изат қатысып, шайырдың туған күн хақындағы жырды жатқа оқыды.

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, Үннің тәтті ораған мәні оятар» деп ән күдіретін қалай дөп басқан ақын. Кеш соңында Арқаның талантты әнші қызы

НЫСАНА КӨЗДЕУ

Мергендердің мерейі үстем түсті

Индонезияның Джакарта қаласында өткен мергендер сайысында теміртаулық спортшы қола жүлде алып ел мерейін үстем етті.

Дүниенің төрт бұрышындағы 32 елден жиналған мергендер сынында 350 спортшы бақ сынасты. Атап айтар болсақ, Қазақстан намысын 15 спортшы қорғады. Нәтижесінде олар 11 медальға ие болды. Сонымен үш алтын, бес күміс және үш қола қоржынға салғандар қатарында теміртаулық спортшы Ольга Аksenovаның болуы кездейсоқ емес. Ол жаттықтырушысы Владимир Ковалевпен бірге дәл осы жарысқа аянбай дайындалған еді. Жерлесіміздің қолындағы қола 2024 жылғы Париж Олимпиадасына тікелей жоллама болмақ.



ТЕННИС

Жеңістен үміті бар

Қазақстандық теннисші Юлия Путинцева Абу-Дабиде өтіп жатқан WTA 500 сериялы турнирін сәтті бастады.

Путинцева алғашқы айналымда (әлемнің 44-ші ракеткасы) Канада өкілі, «US Open-2019» чемпионы Бианка Андреескуны (әлемнің 37-ші ракеткасы) 7:6 (7:2), 6:2 есебімен жеңді. Аталмыш кездесу 1 сағат 41 минутқа созылды. Ал, екінші раундта Юлия бразилиялық Беатрис Халлад Маймен ойнайды. Жерлесіміз осы қарқыннан танбаса қанқүйерлер жүлдеден үмітті.



БОКС

Алты спортшы финалға шықты

Бокстан Деберценде (Венгрия) өтіп жатқан 67-ші Иштван Бочкай атындағы халықаралық мемориалдың үшінші күні қазақстандық тоғыз боксшы сыңа түсті. Олардың алтауы жеңіске жетіп, келесі кезеңге аяқ басты.

Шаршы алаңдағы тартысты сында 51 келіде Дамир Әбдіқадыр қарсыласынан басым түсті. Сондай-ақ, Серік Теміржан 57 келі салмақта, 63 келі сапында Лаура Есенкелді, 67 келі Дулат Бекбауов, Ермахан Жапеков 71 келі салмақта, Саматол Төлтаев 60 келіде қарсыластарын тізе бүктіріп, ақтық сыңа жолдама алды. Ал, 75 келіде Аятолла Тәжіжановтың қарсыласы кыргыз Данияр Дамирдинулы жекпе-жектен бас тартып жеңіс автоматты түрде жерлесімізге берілді.



Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ТАНЫМ

Қақпаншы қарияның әңгімесі

Бағзыдан келе жатқан баба қасібінің бірі – қақпан, тұзақ, тор құрып аң аулау. Тарихта тор құрып, Тұран жолбарсыны аулаған деректер де жоқ емес. Хорезмнің соңғы ханы Жалаладдин Менгүбердің тор құрып, жолбарсы аулау – сүйікті ісі болған көрінеді. Ал, қандыауыз қақпан қазақ даласының талай қара қылшық көкбөрісін оқсыз-ақ омакасы түсірді емес пе?!

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ертеде қақпан құру тек қоректің қамы болмаған. Жыртқыштың жымына құрылып, төңірек малының амандығына да сеп болған бұл қақпан. Көбіне мал жауы қасқырға құрылған. Бұл күнде қара қақпан қолтықтап аң аулаған адам жоқ. Токтық тоқымға тосып, үзетінге түкіртті ме, қалай?! Қақпанмен аң аулау – ол да саятшылық-аңшылықтың бір түрі. Ит жүгірткіп, бүркіт салуға көңіл бөлгенімізден бөлек қақпанға да қайта аң аулап-сақ.

– Қақпан құру өнер ғой. Қақпанды бас жоқ, көз жоқ құра сап аң түседі деу қате. Құруының өзі бір бөлек сабақ. Қақпанның қандыауызы деп шапалы аңның аяғы түсер темірін айтады. Астында жұқа қаныштырдан не бір жапырақ шойыннан төсегі болады. Қандыауызға қаптырар серіппесі ол да темірден, ал астындағы мүйізден не ағаштан жасалған тиегі негізгі қызмет атқарады. Бұған қоса қазығы мен шыңырлы бауы немесе сүйретпесі қатар жүреді. Қақпан қай аңға құрылса да қазақ қақпандағы аңды өлі алмаған. Түскен аң адал болса «Аллаһу ақбарын» айтып бауыздап алған. Бұл да бір қақпан құрудың сыры. Қандыауызды жұмсақ матамен ораудың себебі де осында жатыр. Түскен аңның аяғын кимауы, арам өлмеуі үшін, – деп бастады Қалкен Кәрімов алғашқы сөзін.

Қақпанды құрарда алдымен аңның жүрер жолын, соғар жемтігін білген абзал. Түлкі-қарсақ түнімен жортып жем іздеп, таңертең ініне қайтады екен. Топырақ тоңданғанша олар тышқаншылап,



жер қатқан соң ауыл жағалап сүйек-саяқ кеміреді. Көбік қарда қоян да алып жейді. Дәл осы қыстың бас шағында түлкі-қарсаққа қақпан құрылады. Оларға арнайы жемтік салынады. Аң ас ініне елітсе де аяғын аңдып басады. Әсіресе, түлкіден сақ аң жоқ. Көбіне түлкіге құрылған қақпанға қыркылдап жүріп қарсақ түседі. Түлкіні «қу» деуі де осында шығар. «Қақпанның шебер құрылғанына ғана түседі түлкі» дейді аңшылар.

– Түлкі мен қасқыр аңның ең сақ түрі ғой. Оларға қақпан құрғанда арнайы қарағаннан буылған сыпырғыш немесе жу-сан, қалампыр сынды өсімдіктер ала барған

жөн. Қақпанды қар астына құрған соң, адам жүрген ізді және қақпан бетін осы сыпырғышпен сыпырады. Өйткені, аңшы иісі болса аң жууы екі талай. Қақпанды күз мезгілінде құрады деуші еді үлкендер. Қарға да қақпан құрып қасқыр алған да сол ата-баба-

мыз ғой. Көбейер шағында ауланбаса болды да, қалған уақытта қақпан құрыла береді, – деп тағы бір сырын ашты Қалкен аңшы. Бұған қоса қарт аңшының айтуынша, жасырын жатып, аң ауыздықтаған қақпанның бірнеше түрі бар. Құсақпан, тасқақпан, құмқақпан. Бұл аталғандардың әрқайсының өзіне тән ерекшелігі һәм түрлі аңға арналғандығы бар. Мысалы құсақпан бүркіт, сұңқар, қаршыға сияқты жыртқыш құсты тірідей алуға арналған. Құсақпан бір серіппелі шағын болғандықтан қарсақ, түлкі, қоян сынды аңдарға да құрыла береді. Тасқақпан аты айтқандай жерді қазу арқылы құрылып, тастан қалана қақпан. Бұл да

ұсақ жануарларға құрылады. Құмқақпан бұл құмайт жердің ұсақ аңына құрылатын қақпан түрі. Құмқақпан аң інінің аузына құрылады екен.

Қақпанның да қақпаны бар. Нағыз қақпан деп қасқыр қақпан қандыауызды шойынды айтуға болады. Қазір қантар айының орта тұсы қасқырға қақпан құрар уақыт әлі баршылық. Ақпанның ақтүтегі басталысымен қасқыр аулау тиілуі керек екен. Өйткені, ақпан айының 17-сінен 23-25-не дейін қасқырлар жұптасуды (ұйығады). Дәл осы кезеңде ауа райы бұзылып, күн борап, ұзақ сырға жүреді. Мұны қазақ «бөрісырғақ» деп атайды. Бір жерлерде «ыңқыма» деп те айтады екен. Қазақы аңшылықтың тағы бір қыры осы. Әр аңды өз мезгіліне қарай аулап, популяциясына нұқсан келтірмеу.

– Мылтықпен, қарда жүретін көлікпен (снегоход) қыбырлағанды қынадай қыру бұл аңшылық емес-ау. Қазақы тазы мен төбетке де көңіл бөлініп, қорғауға алынып басталды. Бұл да жеткен жетістігіміз. Енді осы қара қақпанмен аң аулау үрдісін қолға алып, жас жеткіншек ұрпаққа бастау болсақ. Көбік қар жауған алғашқы сонарда немесе күз мезгілінде арнайы күн белгілеп қақпаншылыққа арнасақ. Оны да салбурындай сақтап, әр мезгілі өткізіп жандандырысақ деген тілегім бар, – деп түйді қарт аңшы Қалкен Кәрімов.

Расында, көңілден көмескіленген көне кәсіпті неге қайта қолға алмасқа?! Аңшының айтқаны жөн-ау. Салбурын деп ат ертеп, тазы жүгірткендей, қақпан қамдап, серіппесін майлап алдын ала әзірленер күн де келер. Жеті қазынаға да жетті ғой заңның қорғауы. Қазақты жебеген жеті шырақшысының жетеуіне бірдей қолдау көктен емес осы жоғары басшылықтан берілсе ұлт рухы асқақтап, өшкеніміз қайта жанар еді. Қақпаншылыққа мезгіл арнап, санаулы қақпаншылардан сабақ алып, саятшылықтың тағы бір тынысын ашсақ, ата аманатына адалдық емей немене?!

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ағрағат» ЖШС
Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДУТБАЙ
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЛ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№17 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Сағыншы ӘБІЛ